

ОҚЫС ОҚИҒА



САЛҒЫРТТЫҚ ЗАРДАБЫ

Ақмола облысында бейбіт күнде бес адам ажал құшты. Қаза тапқандардың төртеуі – бір отбасының мүшелері. 16 қараша күні Шортанды кентіндегі үш пәтерлі үйде газ баллоны жарылған. Күшті дүмпуден ескі үйдің қабырғалары қақырап, өрт тұтанған. Лаулаған қызыл жалынды ауыл тұрғындары жабылып жүріп сөндіріпті. Өйткені кешігіп келген құтқарушылардың өртті өшіретін суы да болмаған дейді тұрғындар. Күлге айналған үйдің орнында күні кеше үш бірдей отбасы өмір сүріп жатқан. Қоңырқай тіршілікті көшкі сағат тоғыз жарымдар шамасында болған қатты жарылыс бұзды. Далаға жүгіріп шыққан көршілер лаулап жанып жатқан үйді көріпті. Күегерлердің айтуынша, үйдің дәл ортасында орналасқан пәтердегі газ баллоны жарылған.

«Тарс ете қалды. Шәй ішіп отырғанбыз. Әйелім далаға шықты, үй өртеніп жатыр деп. Жалын деген пытырлап кетті. Өрт сөндірушілер келді. Кешігіп келді ғой», — дейді Шортанды кентінің тұрғыны Төлеухан Жарай.

Көп күттірген өрт сөндіру машинасында су жоқ екен. Олардан қайран болмаған соң, өртке оранып жанұшыра айқайлаған көршілеріне ауылдастары ұмтылған. Шелекпен су шашып тыраштанған. Алайда қызыл жалын жалмап, үйдің шаңырағы опырылып ортасына түскенде ғана су толы өрт

сөндіру көлігі жетіпті. Бірақ ол кезде қою кара түтін мен қызыл жалынның құшағында қалған екі әйел мен бір баланы ажал аузынан арашалап қалу мүмкін емес еді.

Әзиза Макшанай, Шортанды кентінің тұрғыны: «Су таситын көлік келгенде суы жоқ, қысым жоқ дейді. Ішінде су жоқ. Түтікті жерге тастағанда су шықты да, адамдар шелекпен, түрлі ыдыспен су тасыды. Екінші су таситын көлік келгенше жарты сағат өтті. Екі жактағы үш үй ғой, барак солар жанып жатты», — дейді.

(Жалғасы 3-бетте)

ӨЗЕКТІ

ТҰРҒЫНЫ ЖОҚ БАСПАНА

Шымкентте мемлекеттік бағдарламамен биыл мамыр айында баспана алуы тиіс жүздеген тұрғын әлі өз пәтерінің кілтін ала алмай төңіреп жүр. КТК телеарнасы хабарлағандай, оларға берілетін жаңа үйлер былтыр салынып біткен.

Жылдар бойы пәтер кезегінде тұрып, «Шаңырақ» бағдарламасы аясында конкурста қатысып, жиған-тергенін алғашқы жарнаға төлеп қойған жұрттың көңілі алай-дүлей. «Пәтеріміздің кілтін қолымызға аламыз деген сәтте барып, құрылыстың сапасыз екенін білдік», — дейді алданған жұрт.

(Жалғасы 3-бетте)



ОБЪЕКТИВ АЙЫПТАЙДЫ

ОЛАР ЕУРОПАҒА БАРҒЫСЫ КЕЛЕДІ



БЕЛАРУСЬ-ПОЛЬША ШЕКАРАСЫ



БИРЖАМЕТР



МУНАЙ (brent)
82,28



DOLLAR
431,71



EURO
485,23



РУБЛЬ
5,8

АҢДАТПА



ҚАНЫМЫЗДА –
ҚАЙСАРЛЫҚ
БОЙЫМЫЗДА – БАТЫРЛЫҚ
ЖҮРЕГІМІЗДЕ ЖІГЕР БАР!

2



ҚАЗНЕТТЕГІ АЛАЯҚ
БУКМЕКЕРЛЕРДЕН
ҚАЛАЙ ҚОРҒАНУ
КЕРЕК?

3



ВОЛЕЙБОЛШЫ
ҚЫЗ

7

БІЛІМ

КОЛЛЕДЖДЕ 50 МАМАНДЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛАДЫ

Жасырып-жабудың қажеті жоқ, жалпы білім беретін мектептерде мұғалімдер оқу үлгерімі төмен, мінезі шатақ, тәртіпке иліге қоймайтындарды 9-сыныптан кейін колледжге «ұзатуға» асығады. Неге? Біріншіден, оқымайтын оқушы өртең 11-сыныпты аяқтаған соң ҰБТ-ға баратын болса, төмен балл алып, рейтингті құлдыратады. Екіншіден, сотқардың соңынан қалмай қадағалауға көз келген мұғалімнің жүйкесі шыдай бермейді.

Білім және ғылым министрлігі сұранысты қамти алмайтын, анығын айтқанда, ешкім қызықпайтын мамандықтардың тізімін қысқартты. Қысқартқанда да мәймөңкелеткен жоқ, бірден 50 мамандықты шорт кесіп, бұдан былай колледждерде осы тізімнен сызылған мамандық бойынша шәкірт қабылдауды тоқтататын болды. Білім және ғылым министрлігі әзірлеп, бекіткен техникалық және кәсіптік білім беру мамандықтары мен біліктілік туралы сараптама жасап, 50 мамандықты қысқартқан. Бұдан былай еліміздегі колледждерде шам жасаушы, сынама іріктеуші, гувернер, зантер-консульт, білім беру ұйымының зертханашысы, патенттану секілді мамандықтарға баулымайды. Ведомство мамандары еңбек нарығына зерттеу жүргізіп, қысқарған мамандықтардың орнына қоғамның сұранысын өтейтін «Робототехника және ендірілген жүйелер», «Наноматериалдар негізіндегі бұйымдар технологиясы», «Өндірістің аддитивті технологиялары», «Қашықтан басқарылатын авиациялық жүйе», «Ғимараттарды жобалау мен пайдаланудың автоматтандырылған жүйелері», «Жылыжай шаруашылығын ұйымдастыру», «Графикалық және мультимедиялық дизайн», «Тас өңдеу өндірісі», «Ландшафтық дизайн», «Жылжымайтын мүлікті басқару», «Дестинацияны басқару», «Құрылыстағы сметалық іс», «Еңбекті қорғау және технологиялық процестердің қауіпсіздігі» секілді мамандыққа баулымақ.

Жомарт КӨШЕК

ЖАСТАР ФОРУМЫ

«Тәуелсіздікпен қатар дүниеге келген ұрпақ қазір «орда бұзар» 30-ға толып отыр. Буыны бекіп, қанаты қатайып, талай игілікті іске ұйтқы болар жасқа жетті. Туымызды биік ұстайтын, ұлтымызды ұлы мұраттарға бастайтын, сол тәуелсіздік ұрпақтары – сендерсіңдер. Қай заманда да тарихты өздерің сияқты жалынды жастар, білімді азаматтар жасаған». Елордада өткен «Тәуелсіздік ұрпақтары» атты жастар форумына жолдаған үндеуінде Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаев осылай деді.

«Тәуелсіздіктің торкалы тойы қарсаңында еліміздің білімді де білікті, іскер де белсенді жастары республикалық форумда бас қосып отыр. Баршаңызды Тәуелсіздіктің 30 жылдық мерейтойымен шын жүрегімнен құттықтаймын», – деген Елбасы Тәуелсіздік тәңірдің бүгінгі ұрпаққа берген баға жетпес үлкен сыйы екенін атап көрсетті. Аумалы-төкпелі заманда елдік жүгін аудармай алып шығу үшін білім мен ғылымға арқа сүйеу керектігін айтты: «Тек білім мен ғылым қуған ел сенімді алға басады. Осы жолдан таймаңдар. Біз текті халықтың ұрпағымыз. Қанымызда қайсарлық, бойымызда батырлық, жүрегімізде жігер бар. Осы орайда Алаш қайраткерлерінің мына бір өсиеті ойыма оралып отыр. «Біз бай, білімді әрі күшті болуымыз керек. Бай болу үшін – кәсіп, білімді болу үшін – оқу

атындағы арнайы сыйлықтар табысталады. Мемлекеттік жастар саясатындағы өзгерістер екі мыңыншы жылдардан бастап тың серпін алды. «Қазақстан жастары» мемлекеттік бағдарламасы, Мемлекеттік жастар саясатының тұжырымдамасы қабылданып, «Жасыл ел», «Жастар тәжірибесі», «Дипломмен – ауылға», «Серпін» жобалары іске қосылды. «Жасыл ел» бағдарламасы бойынша 2005-2021 жылдары 44 млн 300 мың түп ағаш егіліп, 149 мың гектар жер өңделді. 300 мыңнан астам жас жұмыспен қамтылды. «Бұл нәтижелі жоба алдағы

қазақстандық индекс әдістемесі әзірленді. Келер жылдан бастап индекс шеңберінде барлық 17 өңірдегі жастар саясатының орындалуы бағаланады. Бұл барлық деңгейдегі жобалардың тиімділігін анықтап, нақты проблемалық салаларды айқындап, тиісті шешім қабылдауға мүмкіндік береді. «Биыл еліміз үшін тарихи мәні мен маңызы зор ел Тәуелсіздігінің 30 жылдық межесін бағындырып отырмыз. Әрине, бүгінгі күннің жетістігі оңай келген жоқ. 30 жылдық дамуда, Елбасы айтқандай, табыстармен қатар



ҚАНЫМЫЗДА – ҚАЙСАРЛЫҚ БОЙЫМЫЗДА – БАТЫРЛЫҚ ЖҮРЕГІМІЗДЕ ЖІГЕР БАР!

керек. Ал күшті болу үшін – елдің бірлігі керек». Береке-бірлік барда алынбайтын асу, бағынбайтын белес жоқ. Әлі де алға қойған асқақ армандарымыз, биік мақсаттарымыз көп. Қазақстанды озық 30 елдің қатарына қосу – баршамыздың ортақ міндетіміз. Осы орайда жастарға зор үміт артамын. Сендерді ұлт мүддесі жолында аянбай қызмет етуге шақырамын. Егемендік халқымыздың ең кастерлі құндылығы екенін ешқашан ұмытпаңдар. Тәуелсіздігіміз тұғырлы, еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын!», – деп түйінделі Тұңғыш Президент.

Форумда ақпарат және қоғамдық даму министрі Аида Балаева сөз сөйлеп, еліміздегі жастар саясатына тоқталды. «Тәуелсіздіктің 30 жылында жастар саясатында ауқымды да қарқынды жұмыстар атқарылды. 1993 жылы Тұңғыш Президентіміздің Жарлығымен «Болашақ» халықаралық стипендиясы тағайындалды. Бағдарламаның арқасында 15 мыңнан астам жас әлемнің ең озық университеттерінде оқуға мүмкіндік алды. Шетелден оқып келген түлектердің 54 пайызы мемлекеттік органдарда, 30 пайызы жеке секторда, 16 пайызы халықаралық ұйымдар мен ұлттық компанияларда қызмет етеді. 1992 жылы талантты жастарды қолдауға арналған «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығы тағайындалды», – деді Аида Балаева. Бүгінгі күнге дейін 296 жас осы сыйлықтың иегері атанған. Ал жас ғалымдарды қолдау мақсатында жыл сайын үздік ғылыми жобаларға Д.Қонаев және М.Әуезов

уақытта да жалғасын табады. 2025 жылға дейін 30 мың жасты, оның ішінде 10 ауыл жастарын жұмысқа тұрғызу жоспарда бар», – деді министр. Ал 2014 жылы қабылданған «Серпін» бағдарламасы бойынша бүгінге дейін 8 мыңға жуық жас оқуын аяқтап, оның ішінде 5 мыңнан астам жас жұмысқа қабылданды. Еліміздің 2010 жылы негізі қаланған волонтерлік бағыт бүгінде 50 мыңнан астам мүшесі бар, құрамына мыңнан астам мүшесі бар, құрамына 3,5 мыңнан астам ұйымнан біріктірген үлкен қоғамдық күшке айналды. Бүгінде әлеуметтік, экологиялық, мәдениет, медицина, спорт саласында еріктілердің күшімен 1000-нан астам жоба табысты іске асып келеді. Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларындағы жұмысшы жастарға «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы аясында 2019-21 жылдар аралығында 9 мың пәтер берілді.

«Елбасы негізін қалаған жастар саясатын бүгінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы да сабақтастықпен жалғастырып келеді. Жас ғалымдарды қолдау мақсатында ғылыми-зерттеу жобаларын қаржыландыру көлемі 9 млрд теңгеге дейін ұлғайды. Ғылыми-зерттеу жобаларының мерзімі 3 жылдан 5 жылға дейін ұзартылды. Бұл жас ғалымдардың 35 жасқа дейін ғылыми зерттеулермен алаңсыз айналысуына мүмкіндік береді», – деп атап өтті министр.

Биыл Мемлекет басшысының тапсырмасымен, жастарды дамытудың

қиындықтар да аз болмады. Дегенмен еліміздің Тұңғыш Президенті – Елбасының кеменгерлігінің арқасында Тәуелсіз Қазақстан өзінің стратегиялық даму бағытын дер кезінде анықтады. Соның нәтижесінде қиындықтарды тез еңсеріп, дамудың даңғыл жолына түсті. Сондықтан да бүгін Елбасы және Тәуелсіздік сөздері егіз ұғымдарға айналды», – деген министр осы жылдар ішінде озық ойлы, жан-жақты, білімді, талантты өздеріңіз сияқты жас буын қалыптасқанын еске салды.

«Бүгінде әлемде «Қазақстан қайда, қандай ел» деп сұрайтындардың қатары азайып келе жатыр. Оған түрлі саладағы жетістіктер куә. Соның ішінде елімізді жаһанға танымал етуге өлшеусіз үлес қосып жүрген талантты жастарымыз жетерлік. Музыкада Димаш Құдайберген, Мария Мудряк, Даниеля Төлешова, «Грэмми» сыйлығын жеңіп алған Иманбек Зейкенов, спортта Геннадий Головкин, Жәнібек Әлімханұлы, Данияр Елеусінов, шахматтан халықаралық гроссмейстер Жансая Әбдімәлік, отандық нановақина авторларының бірі, жас ғалым Қайсар Табын. Бұл тізімді тоқтаусыз жалғастыра беруге болады. Бұл, сөз жоқ, Тәуелсіздік алғаннан бастап жастар мәселесінің басты назарда болып, ел басшылығының талантты жастарға көрсеткен тұрақты қолдауының жемісі», – деді Аида Балаева.

Талап ТІЛЕГЕН

Сөз-Жебе



Ерлан СМАЙЫЛОВ,
Мәжіліс депутаты:

«Жәрдемақы мен зейнетақы мөлшері сапалы өмір сүру деңгейін қамтамасыз ете алмайды. Осы орайда еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің қазақстандықтардың мүддесіне сай келмейтін ұстанымда болуы алаңдатады. Әрине, мемлекеттік бюджет шексіз емес. Бірақ ұтымды жоспарлап, тиімді пайдалануға болады. Жыл сайын Есеп комитеті жүздеген миллиард қаржының тиімсіз жоспарланып, пайдаланылатыны туралы қорытынды береді. Оған ауыл шаруашылығы саласын субсидиялауда миллиардтаған қаржының жымқырылуы дәлел».

Аптаңның сауалы

«Бөрте» спектаклінің қойылымы үшін 246 миллион теңгенің жұмсалғаны тым көп емес пе?

ЖАУАБЫ

Өмірзақ ШҮКЕЕВ,
Түркістан облысының әкімі:

«Мен олай есептемеймін. Біз бүкіл құжаттарды тексердік. Бұл жаңадан құрылған театр екенін ескерсек, декорациялар да, костюмдер де, авторлардың, режиссердің қаламақысы да, өртістердің жалақысы – осының барлығы тексеру нәтижесі көрсеткендей орынды жұмсалған. 3-4 млн мөлшеріндегі қаржыға қалай спектакль қоюға болатындығын елестете алмаймын. Менің ойымша, бұл жаппай өндірістің үлкен бір түрі. Егер ол жерде заң бұзушылықтар болса, тиісті органдар тексерсін. Жеке өзім ешқандай заңды басқан әрекетті көріп тұрған жоқпын».



«ЖОМАРТ ЖҰМА» БОЛСЫН!

Наурызбай қажы Тағанұлы Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасының төрағасы, Бас мүфти:

«Кейінгі жылдары жұртты жаппай саудаға тартудың әдісі ретінде қолданылып жүрген «қара жұма» сөзі қоғамда талқыға түсуде. Дініміз бен дәстүрімізде бар «жұма» сөзі қасиетті, кастерлі ұғымды білдіреді. Мен осы ретте еліміздегі сауда орталықтарының иелері мен барша кәсіпкер азаматтарды «қара жұма» сөзін «жомарт жұма» деп өзгертуге



шақырамын. Мұсылман қауымы үшін жұма қасиетті күн болғандықтан, «қара жұманы» «жомарт жұма» деп өзгертсек, бұл – Ислам дінін ұстанатын халқымызға көрсетілген құрмет болмақ. Осылайша, кәсіпкер азаматтарымыз ізгі ниетінің нәтижесінде «жомарт жұма» акциясы аясында қаншама жанның алғысына бөленер еді».



Мемлекет басшысы
Үкіметтің кеңейтілген
отырысында пандемия
кезінде қазақстандық

бизнесті демеу, жергілікті өнім көрсеткіштерін арттыру, отандық өндірісті ынталандыру және бақылауды қамтамасыз етудің қажеттілігін атап өтіп, тиісті тапсырма берген болатын. Бұл орайда «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры отандық тауар өндірушілерді қолдау, «Қарапайым заттар экономикасын» дамытуға ұдайы көңіл бөліп келеді.

«САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА»: ЖЕРГІЛІКТІ МАЗМҰННЫҢ ҮЛЕСІ АРТТЫ

«Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобы бойынша сатып алудың жалпы жоспары 3,6 трлн теңгені құрады. Оның ішінде биылғы 10 айда жасалған сатып алу келісімдері 3,3 трлн теңге (91,7%) болды.


Қор ұсынған мәліметке сәйкес, қазақстандық компаниялармен тауар сатып алу, жұмыс және қызмет көрсету бойынша 2,9 трлн теңгенін (87,9%) келісімшарты жасалды. Соның ішінде тауарлар – 1,4 трлн теңге, жұмыс – 0,7 трлн теңге, қызмет көрсету 0,8 трлн теңгені құрады. Жергілікті мазмұн көлемі – 76% немесе 2,5 трлн теңге болды. Ал «Қарапайым заттар экономикасы» саласын дамытуға келсек, биылғы 10 айда жергілікті мазмұнның үлесі 8%-ға артып, 40,2 млрд теңгені құрады.

Сондай-ақ «Самұрық-Қазына» импортты алмастыру бағдарламасын жүзеге асыру барысында 79,1 млрд теңгеге 177 оффтейк-келісімшартын жасады. Соның нәтижесінде 2000-ға жуық жұмыс орны ашылып, инвестиция мөлшері 220 млрд теңгеге жетті. Бюджетке 18 млрд теңге көлемінде салық төленді.

Талап ТІЛЕГЕН

Инфографика

ТӨЛЕМ КӨЛЕМІ (қаңтар-қыркүйек)



Дереккөзі: Қазақстан қаржыгерлер қауымдастығы

(Басы 1-бетте)

Өрт шыққан үйде негізі жеті адам тұрады екен. Кейуана баласы, келіні және төрт немересімен бірге осы баспананы мекендеген. Оқыс оқиға болардан бір күн бұрын достары үш перзентін ертіп қонакқа келіпті. Жарылыстан бір шаңырақ астында болған екі отбасының отаналары

Сұлтан қалалық ауруханасында көз жұмған балалардың әкесі де ем-дом алып жатыр. Оның да жағдайы ауыр, жансақтау бөлімінде», — деді.

Осылайша Шортандыда болған жарылыстан қайтыс болған 5 адамның төртеуі бір отбасынан болып шықты. Үш бала мен олардың анасы. Ал беті мен бір қолын күйік шалған осы үйдің ең кішісі — бір жасар бала аудандық ауруханада жатыр. Оқиға болған күні олимпиадаға кеткен осы отбасының 15 жасар қызы

ҚАЗНЕТТЕГІ АЛАЯҚ БУКМЕКЕРЛЕРДЕН ҚАЛАЙ ҚОРҒАНУ КЕРЕК?

Тыйым салынған сайттар бизнесін қалай жүргізеді? Нәліктен олар мемлекет тарапынан бұғатталмайды? Олардан қалай қорғануға болады? Қазақстандағы Өзін-өзі реттеуші букмекерлер ұйымының директоры Ғалымжан Дуамбековпен әңгіме осы мәселе төңірегінде өрбді.

— Ғалымжан, біздің елімізде шетелдік букмекерлердің еш тіркеусіз және лицензиясыз, яғни заңсыз жұмыс істеп жатқаны рас па?

— Иә, дәл солай. Тек заңсыз букмекерлер ғана емес. Сондай-ақ отандық ғаламтор бөлігінде көптеген онлайн-казинолар да жұмыс істеп тұр. Бұл сайттардың ешқайсысы Қазақстанның бюджетіне бір теңге де төлемейді. Оған қоса, клиенттерін алдап кетсе де жазаға тартылмайды. Ең жаманы, сол алдампаздарға қарап, біздің сала туралы жансақ пікір туындайды.

— Ал жұрт неге сол тексеруден өтпеген сайттарға жүгінеді? Өзімізде заңды түрде жұмыс істейтін сайттар, лицензиясы бар отандық букмекерлік кеңселер бар емес пе?

— Әлбетте, алаяқтар «керемет» акциялармен және анағұрлым тиімді шарттармен қызықтырады. Олардың коэффициенті жоғары. Спорт оқиғасына дәл болжам жасағандарға жоғары ұтысты уәде етеді. Нәліктен олар осындай қадамға бара алады? Себебі олар Қазақстанда ешқандай салық төлемейді. Тіпті шетелде салық төлеген күннің өзінде оның көлемі сонша көп емес, тиын тұрады. Өйткені мұндай ұйымдар көбіне ошор аймақтарда тіркеледі. Ал офшорда салық жоғары емес. Салықтан үнемдеуіне қоса, олар қызметкерлердің айлығы, кеңсесінің жалдау ақысы, ойын залдарына шығындалмайды.

нөмерлер болуы тиіс. Украина, Ресей немесе басқа елдердікі емес! Электрондық пошта және кері байланыс та көрсетіледі.

Зансыз букмекерлік кеңселердің немесе интернет-казиноның сайттарында мұның ешқайсысы да жоқ. Не болмаса, күмәнді мәліметтерді көресіз. Мәселен, зансыз букмекердік кеңселер басқа мемлекеттің лицензиясын орналастырады. Көп адам оған көңіл аудармайды, бұл дұрыс емес! Бәс тігуші міндетті түрде лицензияның казакстандык екеніне көзін жеткізуі керек. Тек сонда ғана ол өзін заң шеңберінде қорғай алады.

Күдік тудыратын тағы бір маңызды белгі бар. Бұл — казакстандык букмекерлермен салыстырғанда, анағұрлым қолайлы да тартымды шарттардың ұсынылуы. Адам сенгісіз жоғары коэффициент немесе «ғажап» бір сыйлық болуы мүмкін. Мәселен, қандай да бір акция шеңберінде сізге Лос-Анжелестен немесе Манхэттеннен пәтер, тіпті 20 млн доллар тұратын яхта ұтасыз десе, сөзсіз, ол — алаяқтардың сайты.

— Мемлекет тарапынан осы интернет алаяқтарға тосқауыл қоюға болатын шығар?

— Қазір біздің Өзін-өзі реттеуші бекмекерлер ұйымы құзырлы органмен (мәдениет, туризм және спорт министрлігі) тығыз серіктестікте осындай сайттарға қарсы белсенді түрде күрес жүргізуде. Біз министрлікке, сондай-ақ, Қазақстандағы киберқауіпсіздікке жауапты органдарға өзіміз анықтаған барлық мағлұматты ұсынамыз. Осы кезге дейін үш тізімді, жалпы алғанда, Қазнетте заңсыз бетингг және гемблингпен айналысатын 250-ден астам сайттың тізімін бердік. Өкінішке қарай, оларды бұғаттау тым баяу жүріп жатыр.

— Оған не себеп?



Міне, сондықтан да олар орасан ұтыс сомасын белгілейді. Кейде тіпті оны төлеп те жатады.

— Неге кейде дейсіз?

— Себебі ондай сайттардың бүкіл бизнесі алдап-арбауға құралған. Мақсат — неғұрлым көп адамды өз аккаунтына қаржы салуға ынталандыру. Біраз уақыт өткен соң ол сайт жоқ болып кетеді. Ал осы аккаунтқа бүкіл ақшасын салған адам (яғни бәс тігуді жүзеге асыру үшін өз есебіне аударған қаржыны) сан соғып қалады. Сіз ол сайттың ғайып болғанын көрген соң шарасыз күйге енесіз.

Сондай-ақ заңсыз жұмыс істейтін букмекерлер казакстандыктарды «ұттын» деп деп жиі алдайды. Олар әдетте шағын көлемдегі ұтысты жылдам, сол мезетте төлеп тастайды. Соған қарап клиентте оларға деген сенім пайда болады. Келесі жолы одан да көбірек ақша салады. Ал егер адам көп ұтысқа кенелсе, оны алдап соғады. Төлем жасамайды. Түрлі сылтаумен бәс тігушінің аккаунтын бұғаттайды. Не болмаса, әлдебір тексерулерді айтып, уақытты созады. Ақырында ұтысты төлемес үшін клиентке қайдағы жоқ заң бұзушылық туралы айып тағып, кінәні өзіне артып шығады. Заң жүзінде адам оны дәлелдей алмайды. Өйткені сайт Казакстанда тіркелмеген ғой. Ол бизнес-құрылым мүлде басқа жақта тіркеліп, біздің елімізде астыртын жұмыс істейді. Сондықтан сотта да, полицияда да шындықты таба алмайсыз. Сіздің шағымыңыз бойынша полиция Қайман аралдарында тіркелген бизнес-субъектіні жауапқа тарта алмайтыны белгілі. Әрі олардың басым бөлігі — бір күндік фирмалар.

— Сонда спортқа бәс тігуші мұндай алаяқтықпен айналысатын сайттарды қалай ажыратады? Заңсыз букмекерден қорғану үшін не нәрсеге назар аудару керек?

— Оны ажырату қиынға түспейді. Казакстанда тіркелген букмекерлердің барлығы өз сайтында лицензиясын шығарып қояды. Әдетте, ол мағлұмат сайттың төменгі жағында тұрады. Оны оп-оңай табуға болады. Лицензия нөмерін электрондық үкімет порталындағы құжатқа қарап тексеру керек. Көптеген букмекерлік кеңселер осы құжаттың файлы (PDF-форматтағы) да орналастырады. Бұдан басқа, отандық букмекерлердің сайтында заңды тұлғаның мекенжайы, қолдау қызметіндегі операторлардың жұмыс телефондары көрсетіледі. Сондай-ақ мынаған назар аударыңыз: бұлар жергілікті стационарлық немесе мобильдік

— Мына мәселе киындық туғызады: мемлекеттік органдар ондай сайттарды жабуға кем дегенде бір апта жұмсайды. Ал олардың «айна» деп аталатын сайтын іске қосуға бір-екі сағат жетеді. Олар соны жолға қойған. Соның нәтижесінде заңсыз сайттарға қарсы күрес Дон Кихоттың жел диірменнің күресін елестетеді. Мемлекет заңсыз букмекерлік кеңселер мен онлайн-казино сайттарды жауып үлгере алмайды.

Осы орайда реттеуші және регламент базасының мәселесін айта кетейік. Қолданыстағы нормалар онлайн-букмекерлерге (онлайн-казиноға мүлде рұқсат жоқ) лицензиясыз жұмыс істеуге тыйым салғанымен, бұл құрылымдарды бұғаттауда тиімді механизмдерді ұсынбайды. Оларды тауып, заңсыз екенін анықтауға тым көп уақыт кетеді. Алаяқтар соны пайдаланады. Оларға, тағы да қайталап айтамын, айна-сайтты ашу үшін бір-екі сағат жеткілікті. Ал оны бұғаттауға аз дегенде бір апта керек.

Қазір мәдениет, туризм және спорт министрлігі мұндай заңсыз құрылымдарға қарсы тиімді іс-қимылды қарастыратын заң жобасын дайындау үстінде. Біздің де осыған қатысты бірқатар ұсынысымыз бар. Мәселен, біз алаяқтар ақша аудару үшін пайдаланатын казакстандык төлем жүйелерін (Asia Pay, Wallet One т.б.) қолға алу қажет дейміз. Нәліктен отандық төлем жүйелері заңсыз сайттармен жұмыс жүргізеді? Мемлекет оларға бізде жұмыс істеуге тыйым салынған ресурстардың «қара тізімін» ұсынса, қаржы ағымына тосқауыл қоюға болар еді. Сонда әлгіндей алаяқтардың Казакстанда бизнес жүргізуі сап тиылады. Сол сияқты казакстандыктардың шетелдік агентке қаржы аударуын жүзеге асыратын екінші деңгейлі банктерге де осы шараны қолдану қажет. Белгілі бір контрагенттер тобымен жұмыс істеуге тыйым салу керек, бітті! Қысқасы, казакстандык нарықта заңсыз жұмыс істейтін шетелдік букмекерлерге тосқауыл қоюдың нақты тетіктері бар. Тек оларды әбден жетілдіріп қолданған жөн.

Ал әзірге біз беттингсүйер қауымды, сондай-ақ спортқа және спорт оқиғасына бәс тігуге қызығатын жандарды барынша сақтық танытуға шақырамыз. Өзіңіз жүгінетін сайттың букмекерлік қызметке казакстандык лицензиясы бар-жоғын міндетті түрде біліп алыңыз. Тек сонда ғана сіз өз қаржыңызды сақтай аласыз.

Олжабек БАЙҚУАТОВ

САЛҒЫРТТЫҚ ЗАРДАБЫ

мен сол үйдің төрт жасар бүлдіршіні көз жұмды. Ал ауыр жараланғандар санавиациямен дереу Нұр-Сұлтан қаласына жеткізілген.

Нұр-Сұлтан қаласы денсаулық сақтау басқармасының баспасөз хатшысы Әйгерім Ардакқызы: «Ересек екі адам көпбейінді ауруханаға түрлі дәрежедегі күйіктермен жеткізілді. Екеуі де жансақтау бөлімшесінде. Төрт баланың жағдайы ересектерге қарағанда біршама ауырлау. Екі бала өте ауыр жағдайда, екеуі ауыр халде», — деді.

Елордадағы ауруханада жатқан жағдайы ауыр деген екі азаматтың жасы 33 және 34-те. Денесін 70 пайызға дейін күйік шалған төрт наукастың өмірі үшін дәрігерлер күресіп жатыр. Ал беті бері қараған 1 және 5 жастағы бүлдіршіндерді жансақтау бөлімшесінен травматологияға ауыстырды. Ал Шортанды аудандық ауруханасында тағы бір әйел мен бір бала ем-дом алып жатыр.

«Нұр-Сұлтан қаласында жатқан екі ер-азамат пен екі баланың халі ауыр. Олар жансақтау бөлімшесінде жатыр. 9 жасар қыз бала мен 12 жасар ер бала тыныс алу аппаратына қосылды» деп Ақмола облыстық денсаулық сақтау басқармасы хабар таратқан еді. Алайда бес күн бойы ес-түссіз жатқан 12 жастағы жеткіншектің беті бері қарамады. Денесінің 70 пайызын күйік шалған оқушы 20 қараша күні бакилық болды. Ал ертесі күні 9 жастағы қарындасы қайтыс болды. Алты күн жансақтау бөлімінде жатқан наукастың денесінің 60 пайызын күйік шалған екен.

Әйгерім Ардакқызы, Нұр-Сұлтан қаласы денсаулық сақтау басқармасының баспасөз хатшысы: «Өкінішке қарай, 9 жастағы қыз бала кеше түнгі сағат 11 шамасында қайтыс болды. Денесінің барлық жерін күйік шалған. Шортандыдан жеткізілгенде халі өте ауыр болған. Бір күн бұрын 12 жастағы ағасы қайтыс болған. Дәрігерлер қанша тырысқанымен, оларды құтқарып қала алмады. Нұр-

ғана аман. Қазір әкімдік жалға алып берген уақытша пәтерде атасымен тұрып жатыр екен.

Тергеу мәліметінше, өрттің шығуына газ баллоны себеп, яғни шамадан тыс толтырылған баллон жылы жерге кіргізілгенде көлемі ұлғайып, қысымға шыдамай жарылып кетті» деген болжам бар. Қазір «Өрт қауіпсіздігін сақтамау» бабымен қылмыстық іс қозғалып, оқиғаның себеп-салдары тексеріліп жатыр. Жарылыстан бір апта бұрын ғана осы пәтерге төтенше жағдай қызметкерлері келіп, өрт қауіпсіздігі туралы ескертпе жасаған екен.

«8 қараша күні дәл осы жарылыс болған пәтерде біздің төтенше жағдай қызметкерлері болған. Газ құрылғысын пайдалану жөнінде кеңес беріп, жадынама қалдырған. Дабыл қағатын қондырғы да орнатқан. Олар толтырылған газ баллонды суықтан ішке кіргізіп, жылыту үшін пешке жақындатып қойған. Апаттың негізгі себебі осы болуы мүмкін. Ал газ баллонын қай жерде толтырды, оны тергеу анықтайды», — деді еліміздің Төтенше жағдайлар министрі Юрий Ильин.

Әкімдік өртті сөндіретін су болмағанын жасырмайды. Жөндеу жұмысы жүріп жатқандықтан, тіршілік нәрін екі күнге тоқтатқан екен. «Бірақ өрт сөндіру көлігінде су болды», — дейді шенеуніктер.

Малғажлар Таткеев, Ақмола облысы әкімінің орынбасары: «Жерлеу рәсіміне көмектесеміз. Екіншіден, уақытша тұруға жалға пәтер алынды. Содан кейін тұрғындарға үш үй алып беруге 2022 жылы бюджетке кіргізейін деп отырмыз», — деді.

Ал газ баллонын шамадан тыс толтырып берді деген болжам расталса, газ құю бекетіндегілер де жазасыз қалмайды. Айта кетейік, бұл аймаққа алдағы 5 жылдықта көгілдір отын жүргізу жоспарда жоқ.

Диас НҰРАҚЫН

Өзекті

ТҰРҒЫНЫ ЖОҚ БАСПАНА

(Басы 1-бетте)

Арманға айналған баспанасын көруге келген Шымкент тұрғыны Жайна Жисбаева: «Көктемде қоныс тойын тойлаймыз ба деп жүргенде қаншама күндер өтіп кетті. Баспанамыздың кілтін



ешқандай нәтижесі жоқ, сенесіздер ме? Қайда барамыз, білмеймін», — дейді ашынып.

Занды пәтеріне кіре алмай жүрген жұрт үйлерін сыртынан көріп кетіп жүр. Әрқайсында «жана үйге қашан кіреміз» деген арман бар. Мәселенің мәнін түсіндіретін жауапты шенділер келмеді. Есесіне, үйді салған мердігер компанияның өкілі Бекжан Қалбеков, үйді толығымен тұрғындарға өткізбес бұрын әлі де талай тексерістен өтетінін ескертті.

Дегенмен үйлердің берілуі нәліктен созылғанын, жарық пен газды, жылу мен сулы нақты қашан қосары сол күйі белгісіз. Тұрғындар шенеуніктер «келесі аптаның ортасынан қалдырмай кіргіземіз деп уәде берді» дейді.

Бек ӘБИЕВ



ұсылатын түрлері жоқ. Кілтін ала алмай әр есікті қағумен әлекпіз. Онысымен қоймай арыз, шағым жазамыз, оның



E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

www.jasqazaq.kz

SERPIN

Теміржол

Пойызға және инфрақұрылым нысандарына технологиялық қызмет көрсету сапасының нашарлығы мен көлікті нұсқау бойынша дұрыс пайдаланбау - темір жол тасымалында түрлі оқыс оқиғаларға әкеп соқтырады. Оның сыртында жұмыскерлердің еңбек тәртібін сақтай бермейтіні де бар.

Статистикаға сүйенсек, магистральдық жолдардағы жағдайлардың 85%-ы Қазақстан және өзге де елдердегі пойыз құрамын жөндеумен айналысатын тиісті кәсіпорындардың салғырттығынан болып отыр. Темір жол көлігін жөндеу



Орталық Азия мен ТМД білім беру және жобалау ұйымдарының өкілдері де ойларын ортаға салды. Әсіресе, шойын жолдағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін жүйені цифрландыру және автоматизациялау, тасымал кезінде апатты жағдайлардан сақтану үшін тың амалдар қарастыру мәселесі әңгіме өзегіне айналды. Әлбетте, жоғарыда айтқанымыздай, пойыз құрамын жөндеу сапасын жақсарту мен көлікті дұрыс пайдалану қажеттігіне баса мән берілді.

Осы тақырып бойынша сөз алған Марат Шәкенов инфрақұрылым нысандарын цифрландырумен қатар заманауи инновациялық тәсілдерді енгізу теміржол көлігіндегі қауіпсіздікті анағұрлым жақсартуға ықпал ететінін атап өтті.

АЛМАТЫДА ӨТКЕН ФОРУМДА ТЕМІР ЖОЛ ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ МӘСЕЛЕСІ КӨТЕРІЛДІ

барысында технологияны сақтамай, контрафактілік немесе сапасыз бөлшектерді пайдаланатындарға тосқауыл қою үшін «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ тапсырыс беруші ретінде Қазақстандағы жөндеу кәсіпорындарына тексеру жүргізіп жатыр. Аудит нәтижелері бойынша бірнеше жөндеу кәсіпорындарының жұмысы уақытша тоқтатылды да. Енді олар талапқа сәйкес келмейтін қызмет түрлерін тез арада ретке келтіруі тиіс. Алматыда өткен «Логистика, көлік және білім берудегі инновациялық технологиялар» халықаралық конгресі шеңберінде Теміржол көлігіндегі қауіпсіздік және цифрландыру жөніндегі Еуразиялық форумда «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ Қауіпсіздік жөніндегі директоры Марат Шәкенов осы мәселені тілге тиек етті. Оның сөзіне қарағанда қозғалыс қауіпсіздігіне қолайсыз ауа райы, теміржол өткелдеріндегі жол-көлік оқиғалары, жолда бөгде заттардың кесе-көлденең жатуы да кесірін тигізеді. «Дей тұрғанмен, соңғы жылдары қауіпсіздік көрсеткіштерінің онала бастағаны байқалады. Жыл басынан



бері компания бойынша ереже бұзу фактілерінің жалпы саны 17,5% — ға азайды. Оған қауіпсіздікті басқару жүйесін автоматтандыру, «қозғалыс қауіпсіздігі мәдениетінің» деңгейін арттыру есебінен қол жеткізілді», — деді Марат Шәкенов. «КТЖ» ҰК» АҚ, «Транстелеком» АҚ, Логистика және көлік академиясы ұйымдастырған форумға қатысқан ғалымдар мен сарапшылар қоғамдастығы,

- Темір жол тасымалы нарығында жыл сайын процеске қатысушылар саны артып келеді. Бүгінде алдымызда ортақ стандарттарды, қағидаларды енгізу және процестерді цифрландыру арқылы олардың қызметін жүйелі интеграциялау және үйлестіру міндеті тұр — деді М.Шәкенов

Қуаныш КӨШІМБАЙ,
Алматы қаласы

ТАУАР ЭКСПОРТЫНЫҢ КӨЛЕМІ АРТТЫ

Еліміз экономиканы ертартапандыру (диверсификация) бойынша нәтижелі жетістікке қол жеткізді. Атап айтқанда, биылғы 9 айда шикізат өніміне жатпайтын тауар экспорты 14 млрд долларды құрады. Атаған көрсеткіш пандемия өршіген былтырғы жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 25,6 пайызға көп. Жалпы отандық экономикада шикізаттық емес тауарлар мен қызмет экспортында оң динамика байқалып отыр.



Бұл туралы Парламент Сенатында өткен Үкімет отырысында хабарлаған сауда және интеграция министрі Бақыт Сұлтанов ағымдағы жылдың алғашқы алты айында қызмет көрсету көлемі 2.7 млрд

долларды құрағанын атап өтті. Бұл өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 2,4 пайызға артық.

Министрдің айтуынша, шикізаттық емес тауарлар экспортының артуына Үкімет жүргізіп отырған проактивтік экспорт саясаты оң ықпалын тигізіп отыр. Проактивтік экспорт саясаты шамамен 20 қаржылық және қаржылық емес құралды қамтиды. Б.Сұлтанов бұл ретте биылғы жылдың 9 айында 74 экспорттаушыға 119 млрд теңгенің жеңілдетілген несиесі ұсынылғанын хабарлады. Бұған қоса, 158 экспорттаушының 5,9 млрд теңгені құрайтын шығыны өтелді. Ал 69 экспорттаушыға 105 млрд теңгеге көлемінде сақтандыруды көздейтін көмек берілді. Сонымен қатар, тауарын сыртқа жөнелтетін 200-ден астам заңды тұлға консультациялық-сараптамалық қолдау көрсетілді.

ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІДЕГІ БИЗНЕСТІ РЕТТЕУ

Интернет -платформалардағы сауда-саттықты ретке келтіру керек. «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасы осындай ұсынысты ортаға тастады. Палата басқармасының төрағасы Абылай Мырзахметов Үкімет отырысында мұның алғашқы қадамы ретінде әлеуметтік желі арқылы тапсырыс қабылдап, сауда жасаушылардың реестрін құру қажеттігін айтты.

Қалың көпшілікті оқшаулануға мәжбүрлеген пандемияның электронды сауданы дамытудың драйверіне айналғанын атап өткен А. Мырзахметов бұл салада, әсіресе, көлеңкелі бизнестің өршігеніне тоқталды. Ол: «Аккаунтты тегін ашу, анонимділік, қандай да бір тіркеудің болмауы, субъектінің орналасқан жерін белгілеудің мүмкін еместігі және осыған байланысты экономиканың осы бір көлеңкелі түрін төмендетуге қатысты әлеуметтік желілерде сатушылардың тізілімін енгізу түрінде құқықтық шаралар қабылдау қажет деп санаймыз», — деді.

Тұтынушы eGov-тағы реестрі арқылы сатушының кім екенін, ар-беделінің қандай дәрежеде екенін байқай алатынына тоқталған палата басқармасының төрағасы аталған жүйе барынша тиімді деген пікірде. Атап айтқанда, ол тұтынушының құқығын қорғауға мүмкіндік береді.

А. Мырзахметов әлеуметтік желі арқылы сатылған тауарды қайтарып беру, олардың сапасы туралы мәселелерді заңда нақтылану қажет деп есептейді.

Ол осыған орай, былай деді: «Заң жүзінде онлайн платформалар мен интернет-дүкендердің тұтынушыларына қатысты құқықтарды қорғау жан-жақты реттелген. Алайда әлеуметтік желілерде тұтынушылардың құқықтарын реттеу мен қорғауда үлкен алшақтық бар. Тұтынушылар интернет арқылы, атап айтқанда, әлеуметтік желілерде тауарларды төлеу кезінде алдауға жиі тап болады. Электрондық саудала тұтынушылардың құқықтарын пәрменді қорғау үшін азаматтық қоғам мемлекеттік порталдарда, әлеуметтік желілерде сатушыларды ерікті тіркеуді енгізуді ұсынып жүр. Сатушы өзінің сәйкестендіру нөмірін әлеуметтік желі бетінде көрсетуі керек. Оны саытып алушы белгілі бір мемлекеттік порталда тексере алуы шарт».

Талап ТІЛЕГЕН

ЗАМАНАУИ ҚҰҚЫҚТЫҚ БІЛІМНІҢ СТРАТЕГИЯСЫ

Құқықтану – адамды жеке тұлғаға айналдыратын ғылым. Біздің қоғам неғұрлым құқықтық тұрғыдан сауатты болса, соғұрлым реформалар жолымен ігерілей береді. Барлығымыздың алдымызға қойылған мақсат – заң үстемдігіне бағынатын құқықтық мемлекетте өмір сүру.

Заң ғылымдарының докторы, профессор, Әл Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінің қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу және криминалистика кафедрасының меңгерушісі Рима Еренатқызы Жансараевамен біз біліктілігі жоғары заңгерлерді даярлаудың құқықтық мемлекет құрудағы маңыздылығы туралы сөз қозғасақ болады. Себебі ол студенттерді бүгінгі таңда 30 жылдан астам уақыт бойы оқытып келеді. 2007 жылдың ақпан айында РФ еңбек сіңірген ғылым қайраткері, профессор А.С.Михлиннің жетекшілігімен РФ ПМ ғылыми-зерттеу институтында «Түзеу мекемелеріндегі қылмыспен күрес мәселелері» тақырыбында докторлық диссертация қорғаған Рима Еренатқызына ҚазҰУ-да оқып, жұмыс істеген уақытында өзін жоғары білікті маман-заңгер, ғалым, талантты тәлімгер ретінде оң жағынан көрсете білді. 100-ден астам ғылыми еңбектері бар, қылмыстық құқықтың ерекше бөлімі бойынша оқулықтың тиісті тарауларының авторы бүгінгі таңда диссертациялық кеңестің төрайымы. Тәуелсіздік алғаннан кейін әлемдік қауымдастықтың беделді қатысушысы ретіндегі жас мемлекет тарихының



жана парактары басталды. Ал 2021 жылы дүниежүзілік картада Қазақстан Республикасының тәуелсіз мемлекеті пайда болғанына тура 30 жыл толады. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев атап өткендей: «Тәуелсіздік — бұл біздің басты құндылығымыз, біздің міндетіміз — өркендеген және қуатты Қазақстанды болашақ ұрпаққа мұра етіп қалдыру». Екі жыл ішінде Қасым-Жомарт Тоқаев қоғам үшін көптен күткен шешімдер қабылдады. Тағдыршешті реформалар қатарына: халықтың табысын арттыру және әлеуметтік мәселелерді шешу, сыбайлас жемқорлықпен күресу, құқық қорғау және сот жүйелерін реформалау, халықты жұмыспен қамту, әділ әлеуметтік саясат, тұрғын үймен қамту, өмірлерді дамытудың жана бағыты, рухани дамуды қолдау, сыртқы саясатты дамыту және бізді қолдайтын реформа — жастардың дамуына жағдай жасау жатады. Осылайша, Қазақ ұлттық университетінің заң факультетінің қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу және криминалистика кафедрасы құқықтық мемлекет құру жолында білікті мамандарды оқытуға өз үлесін қосады.

Тілек ҚАБДРАШЕВ
Әл Фараби атындағы
ҚазҰУ-дің заң факультеті,
қылмыстық құқық, қылмыстық
іс-жүргізу құқығы және
криминалистика
кафедрасының оқытушысы,
204-тобының студенттері

«АЛТЫН ОРДА» БАЗАРЫНА МЕТРОМЕН БАРАСЫЗ

Бас қаладағы кеше бас көтертпей жауған қалың қар елорда тұрғындарын ғана емес, шенді-шекпендіні де діттеген жеріне межелі мерзімде жеткізбей әуреледі. Астаналықтар ауа райының тосын мінезін көлік кептелісіне тап болса, алматылықтар Құдайдың құтты күнін кептеліспен өткізіп келеді. Әсіресе, «Алтын орда» базарының маңайындағы кептеліс, «Барахолкаға» барар жолдағы көлік тығыны жүйкеңе ши жүгірткендей шаршатады.

Алматы әкімі брифингке қатысып, орталық коммуникациялар қызметінде БАҚ өкілдері алдына шыққанда, қала тұрғындарына есеп бергенде алдымен қойылатын сүйекті сауалдың дені осы қаланың кептелісін қалай реттеу керек дегенге саятын.

Расында да, алпыс шақырым жолды артқа тастап, Ұзынағаштан, басқа да ауылдардан қатынап жұмыс істейтін жандар Алматыға ерте жету үшін таңғы бестен жолға шығады. Өйткені «Алтын орда» базарының кептелісіне қойып кеткен адам кемінде 1-2 сағат уақытын қантарылып тұрумен өткізеді. Алматыға күніне сырттан 500 мыңға жуық көлік кіреді екен Бұл ертеректегі дерек. Қазіргі одан асып түскен болар. Қаланың кептелісін реттеу үшін бірнеше жолайрық салынып, күре жолдар кеңейіп жатыр. Көлік тығынын таркатуға күш салып, түйткілді таркатуға күш салған қалалық әкімдік метроны да «Алтын орда» базарына дейін бұратын болды. Ақжолтай ақпаратты Алматы қаласы әкімінің орынбасары Серік Құсайынов айтты. «Алматы агломерациясы бойынша көлік инфрақұрылымының жай-күйі мен даму перспективалары» деген тақырыпта өткен брифингте қала әкімінің орынбасары Наурызбай ауданы территориясына дейін ұзарған Алматы



инвестор тартып жүзеге асырмақ. Нұр-Сұлтан қаласындағы ЛРТ құрылысының қантарылып, бетон діңгектерінің қаз-қатар тізіліп тұрғанына да бірнеше жылдың жүзі өтті. Тіпті бөлінген қаржыны қарпып, талан-таража салғандар сотқа да тартылды. «Алматыда салынатын жеңіл рельсті трамвай желісі де бас қаладағы құрылыстың кебін қимей ме?» деген сауалға Алматы қаласы әкімінің орынбасары Серік Құсайынов жеке инвестор қаржысымен бой көтеретін нысан «мемлекеттік-жекеменшік серіктестік аясында іске асырылады» деді.

Қуаныш РАХМЕТ



«Дербес мемлекет құру қазақ халқының ғасырлар бойы аңсаған арманы еді. Міне, енді сол күнге де жеттік», – деген болатын Елбасы Н.Ә.Назарбаев азаттықтың алғашқы күнінде. Сол кезеңнен бастап мемлекетіміздің сыртқы саясаты ел мүддесіне сай бағытталып, әлем елдері арасында өзара түсіністікті қалыптастыруда нақты бастамалар жасалуда.

ТӘУЕЛСІЗДІК – ҰЛТЫМЫЗДЫҢ ҰСТЫНЫ!

Жаһандану заманында тәуелсіз ел ретінде қалыптасып, басқа мемлекеттермен тиімді экономикалық-мәдени байланыс жасау ең алдымен, біздің сыртқы саясатымызға байланысты болатын. Мемлекетіміздің сыртқы саясаты өзіндік тарихы бар көпқырлы бағыт ұстануымен ерекшеленді. Сонымен бірге елдің аумақтық тұтастығы мен тәуелсіздігін, тұрақтылық пен бейбіт өмірін сақтай отырып, өзінің ұлттық-мемлекеттік мүдделерін қорғай білді. Тәуелсіздік жылдары шекарасы бекем, Қарулы Күштері жасакталған, экономикасы нарықтық қатынастарға құрылған мемлекет ретінде әлемдік қауымдастыққа танылды.

Кезінде Францияның президенті Жак Ширак Қазақстан туралы: «Франция 1991 жылы болған өзгерістерді маңызды және шешуші деп бағалайды. Белгісіз және күрделі жағдайда Сіздің еліңіз мемлекет құрудың қайтпас жолына түсті, өзінің ұлттық құндылықтарына және ұзақ тарихына адалдықпен қатар демократия мен құқықтық мемлекеттің жалпыадамзаттық ұстанымдарын жақтайтындығын мәлімдеді», — деген.

Тәуелсіздіктің 30 жылы ішінде әлем елдері қауымдастығындағы Қазақстанның өзіндік орны қалыптасып, дүние жүзі Қазақстан Республикасын бейбітшілікті

өзекті халықаралық проблемалар бойынша белсенді позиция ұстанатын мемлекеті ретінде қызмет ете бастады.

Сонымен бірге Қазақстан БҰҰ-ның Білім, ғылым және мәдениет мәселелері жөніндегі ЮНЕСКО құрамына 164-мемлекет болып енді. 2010 жылы ЕКЫҰ-ға төрағалық етті. Бүгінде Қазақ Елі әлемдік қауымдастықтың белгілі мүшесі ретінде дамып келеді.

Қазақстанда 130-ға жуық этнос пен 27 конфессия өкілдері тату-тәтті өмір сүруде. Тұңғыш Президенттің қолдауымен көпэтносты келісімді үйлесімді жүргізу мақсатында этносаралық қатынастардың қазақстандық үлгісі жасалды. Қоғамымызда әртүрлі тілде сөйлесетін этностар арасында ортақ тіл мен келісім кеңістігін іздестіру қажеттігі туындайтындығы сөзсіз еді. Ортақ түсіністік ортақ тіл арқылы қалыптасады, «...ең бір қиын кезеңдерде ұлтты қожыратпаудың қуатты қаруы болған қазақ тілі бүгінгі азат өмірімізде де ұлтты тұтастандырудың тетігі болуға тиіс. Этникалық тұтастықтың түп негізі тіл болса, ондай тілсіз ұлттық тұтастықтың да болуы мүмкін емес», — деп атап өткен болатын Елбасы Н.Ә.Назарбаев.

Осы мәселеге байланысты Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 2019 жылғы Қазақстан



қолдаушы және оны іске асырушы ел ретінде таныды.

Тәуелсіз Қазақстанның сыртқы саясатын негіздеп, оны еліміздің мүддесіне сай бағыттауда Елбасының атқарған қызметі ерекше. «Қазақстан өзінің геосаяси орналасуына және экономикалық әлеуетіне қарай тар аймақтық проблемалармен шектеліп қалмауы тиіс. Қазақстанның болашағы — Азияда, Еуропада, Шығыста және Батыста. Нақ осындай саясатты жүргізе отырып, біз Қазақстанның қауіпсіздігіне қандай да болмасын қатерлердің пайда болуына жол бермейміз», — деп атап өткен еді Тұңғыш Президент. Өмір бұл ұстанымды толығынан ақтап, республиканың өзінің ұлттық мүдделерін сақтай отырып, халықаралық аренада дербес және ықпалды болуына мүмкіндік берді. Қазақстан еуразиялық ықпалдастық локомотивтерінің біріне айналды.

КСРО тараннан кейін Қазақстан иелігінде әлемдегі төртінші әскери ядролық арсенал қалды. «Бейбітшілік кіндігі» атты кітабында Елбасы Н.Ә.Назарбаев: «...Мен жауапкершілікті өз мойныма алатынымды айтып, өкілеттіктерімді пайдаланып, полигонды Жарлықпен жабатынымды жарияладым. Ядролық тарихтың бір беті және ең оңай емес беті, сөйтіп жабылды...», — деп жазған болатын. Осылайша, 1991 жылы Семей полигонын жабу туралы Жарлыққа қол қойылды, ал 1992 жылы Лиссабон хаттамасын ратификациялап, ядролық қару жок ел ретінде ядролық қаруды таратпау туралы шартқа қосылуға міндеттенді.

БҰҰ бұрынғы Бас хатшысы Пан Ги Мун: «Қазақстан ядролық қарусыздану саласында айқын басымдықты көрсетуде. ...Бұл алысты болжаған қадам болды. ...Нағыз тәуелсіздікті жариялау еді. Мен барлық елдердің, әсіресе, ядролық мемлекеттердің басшыларын Қазақстаннан үлгі алуға шақырамын. Дұрыс жол іздегенде осы мемлекеттің үлгісін бағыт ретінде ұстау керек», — деп жоғары баға берген болатын. Бұл қадам Елбасының әлемдік ауқымдағы саясаткер екендігін нақыштай түсті.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан Қазақстанды әлемге таныту үшін БҰҰ-мен байланыс орнату, әлемдегі ең беделді халықаралық ұйымға мүше болу ең басты қажеттілік еді. 1992 жылы Қазақстан Республикасы БҰҰ-ның 168-мүшесі болып қабылданып, әлем елдері ресми түрде таныды. Қазақстан бұл ұйымның

халқына Жолдауында қазақ тілін ұлтаралық қарым-қатынас тіліне айналдыру қажеттігін айтқан болатын. Осы ортақ тіл мәселесін бірлесе отырып, жүзеге асыру көпэтносты қоғамымызда бірлік пен тыныштық сақтаудағы басты міндетіміз болып табылады.

Қазақстан қоғамында діннің атқаратын рөлінің жоғары екендігін пайымдай келе, Н.Ә.Назарбаев ел астанасында Әлемдік және дәстүрлі діндер форумын өткізу жөнінде бастама көтерді. Содан бері ғаламдық дінаралық шиеленісті бәсеңдету және өзара түсіністікті қалыптастыру мақсатында Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезі өткізіліп келеді.

Н.Ә.Назарбаевтың Елорданы көшіру бастамасымен озық идеялар мен нақты істердің ұйытқысына айналған жаңа Астана құрылды.

Батыл реформалық қадам жасалған білім саласында да айтулы нәтижелерге қол жеткізілді. Қазақ елінің білім кеңістігінде өзіндік өрнегімен ерекшеленіп, үлесін қосқан жаңа оқу орындары ашылып, жұмыс істей бастады.

Тәуелсіздік рухы қазақстандықтардың еркін шығармашылықпен еңбек етуіне жол ашты. Тарих ғылымы саяси-идеологиялық өктемдіктен арылып, зерттеуге шектеу қойылған тарихтың «ақтандақтары» айқындалды.

2004–2011 жылдары «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы бойынша құнды жәдігерлер, деректер, мәліметтерді зерттеуші-ғалымдарымыз шетел мұрағаттарынан алынған деректерді ғылымға енгізе бастады.

Қазақ елінің ұлттық идеясы жөнінде Елбасы: «Біз үшін болашағымызға бағдар ететін, ұлтты ұйыстырып, ұлы мақсаттарға жетелейтін идея бар. Ол — Мәңгілік Ел идеясы» — деп тұжырымдады. «Ұлы Даланың жеті қыры» мақаласында ұлттық тарих дамуының негізгі бағыты сараланып, тарихи сананы жаңғырту мәселесі қарастырылды. Қазіргі таңда қазақстандық ғалымдар осы бағытта еңбек етуде.

Еліміздің болашақтағы саяси-экономикалық және әлеуметтік-мәдени дамуы оның өзіндік сындарлы көпсалалы сыртқы саясатын жүргізуі мен нәтижелеріне байланысты екендігіне уақыттың өзі куә болып отыр.

Халиша ЕРМҰХАНОВА,
ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтының ғылыми қызметкері



E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

www.jasqazaq.kz

Мегполис

Алматы қазір «жасыл аймақта». Эпидемиологтар, вирусологтар және медицина қызметкерлерінің жанкешті еңбегінің арқасында індеттің беті қайтқандай. Дегенмен әлі де босаңсуға болмайды. Коронавирусты еңсерудің бірден-бір жолы екпе алу десек, ұжымдық иммунитетті қалыптастыруға қала тұрғындары бір кісідей жұмылуы тиіс. Осы орайда қала әкімі Бақытжан Сағынтаев: «Жағдайдың ушыққанын күтпей, дер кезінде екпе жасату керек. Коронавирус ешқайда кеткен жоқ, мутацияға ұшыраған сайын қауіп төндіреді. Біз өзімізді қорғамасақ, жақындарымыздан айрыламыз», – дей келе, вакциналау қарқынын арттыру қажет екенін атап көрсетті.

Jas qazaq газеті қалада вакциналау және ревакциналау жұмыстары қалай жүзеге асып жатқанын білу мақсатында Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасына жүгінді.

Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының баспасөз қызметі ұсынған мәлімет бойынша, бүгінгі күні инфекциялық стационарларда (1 774 төсек-орын) жалпы саны 458 адам (оның ішінде 24 бала) емделіп жатыр.

Жалпы реанимация және қарқынды терапия бөлімшесінде 51 сырқат бар.

ӨЖЖ — 14, инвазивті емес ӨЖЖ — 29, High flow-да 8 аппарат жұмыс істейді.

Денсаулық

Әлемді әбiгерге салған коронавируспен балалардың да ауыратыны белгiлi болды. Сондықтан өлiмiзге жеткiзiлген Pfizer вакцинасы ең алдымен балаларға, жүктi аналар мен бала өмiзетiн аналарға салынады. Алматыда балаларға екпе салу қалай жүрiп жатыр? Қыс мезгiлiмен қатар көлетiн маусымдық вирустардың алдын қалай аламыз? Бұл сауалдарға Алматы қаласы №1 қалалық емхананың бөлiм меңгерушiсi, жоғары санаттағы педиатр-дәрiгер Бақытгүл Рақышева жауап бердi.

Бақытгүл РАҚЫШЕВА:

ЕКПЕДЕН БАС ТАРТПАҒАН ЖӨН

Jas qazaq: Бақытгүл Уәлиқызы, Алматы қаласы бойынша балалар арасында екпе салу денгейі қандай? Қаламызда вакцина түрлері жеткілікті ме?

Б.Рақышева: Бүгінде қаламыз бойынша балаларға коронавирусқа қарсы және тұмауға қарсы екпе салу қарқынды жүргізілуде. Қазір емханада балаларды қабылдау екі бөлек жүргізіледі, яғни таза аймақта екпе алатын балаларға қызмет көрсетіледі. Ал екінші аймақта вирус жұқтырған балаларға дәрігерлік көмек көрсетіледі. Олардың кіру-шығу жолдары да бөлек. Бүгінде қаламызда уақытында алынатын екпелер 70–80 пайызға дейін орындалып жатыр деуге болады. Сонымен қатар менингит, А гепатиті, В гепатитіне қарсы екпелер де уақытында салынып жатыр. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының бекітуі бойынша, қазір балаларға, жүкті аналар мен емізуді аналарға Pfizer вакцинасын

976 наукас БМСК мен Телемедицина орталығы дәрігерлерінің бақылауында. Олардың ішінде жеңіл және

пункті жұмыс істеп тұр. 201 вакциналау бригадасында 756 медицина қызметкері жұмылдырылды.



АЛМАТЫ: ІНДЕТКЕ ҚАРСЫ КҮРЕС ҚАРҚЫНДЫ

орташа ауырлық дәрежесінде 930, симптомсыз 46 наукас бар.

Вакциналау бойынша соңғы акпаратқа сәйкес, Алматыда бір тәулік ішінде бірінші компонентты 2 106 адам, екінші компонентты 1 422 адам алды. Жалпы биылғы жылдың 1 ақпанынан 23-ші қарашаға дейін бірінші компонентты алғандар саны — 1 025 748, 2-компонентты алғандар саны 962 200 адам болды.

Вакцина алғандардың ішінде 121 952 тұрғын — 60 жастан аскандар.

Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының баспасөз қызметінің мәліметінше, бүгінгі таңда Pfizer (*Comirnaty*) компаниясының екпесімен 8 496 адам, оның ішінде 529 жүкті әйелдер, 2 026 емізуді аналар және 5 941 балалар мен жасөспірімдер егілді.

Қаладағы медициналық ұйымдарда, мәдениет және спорт нысандарында, базарларда және сауда ойын-сауық орталықтарында 132 вакциналау

Бүкіл ел бойынша 22 қарашада ревакциналау басталғаны белгілі. Әзірге КВИ екпесінің үшінші дозасын медицина қызметкерлері, мұғалімдер, күштік құрылым қызметкерлері, медициналық-әлеуметтік мекемелерде жұмыс істейтіндер, 60 жастан асқан тұрғындар алады. Бұл топтарға кірмейтін қала тұрғындары келесі жылдың қантарынан бастап қайталама екпе салдыра алады. Айта кетейік, алғашқылардың бірі болып Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Нариман Табынбаев ревакциналаудан өткен болатын.

Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының мәліметінше, бүгінгі күні ревакциналау үшін инертивті QazVac и Sinopharm (*Vero Cell*) вакциналары қолжетімді.

Мақпал МАХАМЕТҚЫЗЫ



көп рет ауруы мүмкін. ЖРВИ әдетте кенеттен басталады. Жұқтыру мен ауру арасында орташа алғанда, шамамен 2 күн өтеді. Ауырар алдында адам болдырып, әлсірейді. Ашуланшақ болады. Содан кейін басы ауырады, бұлшық еттері сырқырап, дене қызуы көтеріледі. Терлей береді. Тамағы ауырып, жөтел пайда болуы мүмкін. Кейбір жағдайларда тыныс алу жолдарының зақымдануынан конъюнктивитке шалдығуы мүмкін. Бүгінде қаламызда бұл вирустың таралуы 1–2 апта бойы сақталуда. Аурудың таралуы әр кезеңде де болуы мүмкін. Сондықтан адам ауру жұқтырғанын сезбей де қалады. Ал балаларда мүлде байқалмауы мүмкін. Басында бала сәл мазасыздана бастайды. Оны ата-ана байқамай қалады. Кейін ауру өршігенде барып, ЖРВИ екені белгілі болады. Тиісті дәрілерді қабылдаған жағдайда 3–4 күн ішінде бала сауығып кетеді. Аурудың беті қайтпаса, бірден дәрігердің көмегіне жүгінуге керек. Балалары ЖРВИ вирусымен ауырған ата-аналарға айтар кеңесіміз: балада вирустың белгілері пайда болса, міндетті түрде төсек режимін сақтауы керек. Дене қызуы 38-ден түспесе, дене қызуын түсіретін дәрі беру керек. Егер дене қызуы мүлден түспесе, міндетті түрде дәрігер шақыртып дұрыс. Үйде емдеп, жазып алам деген дұрыс емес. Аурумен күресудің бірден-бір жолы — таза ауада серуендеу, дұрыс тамақтану. Спортпен шұғылдану. Бүгінде қаламыз бойынша балаларға коронавируска қарсы және тұмауға қарсы екпелер салу қарқынды жүргізілуде.

Мақпал НОҒАЙБАЕВА



E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

www.jasqazaq.kz

Тағым



Тауман Амандосовтың орта мектепті тәмамдауы

Қазақ баспасөзі мен журналистикасындағы дара тұлға, ұлағатты ұстаз, ғалым Тауман Салықбайұлы Амандосовтың қазақ халқына, қазақ журналистикасына сіңірген еңбегі зор.

Тауман Амандосов 1921 жылы 5 қарашада Атырау облысының Балықшы ауданы Кеңезек ауылында дүниеге келген. Дарынды журналист өзінің еңбек жолын қазіргі Атырау қаласында сол кезде «Социалистік құрылыс» деген атпен жарық көрген облыстық газетте әдеби қызметкер болып бастады. 1946 жылы ҚазМУ-дің филология факультетінің журналистика бөліміне оқуға түсіп, 1950 жылы оқуын үздік бағамен тәмамдаған жас маман университетке аға оқытушылыққа қалады. 1952-1958 жылдары – сырттай оқыту саласында проректор, 1959-1966 жылдары филология факультетінің деканы қызметін атқарды. 1966 жылдан өзінің ұйытқы болуымен құрылған журналистика факультетінің деканы болды. 1971 жылға дейін осы қызметті атқарды. Факультеттегі телерадио кафедрасының ашылуы да Т.Амандосов есімімен байланысты.

Тауман Амандосов – қазақ журналистикасының іргетасын қалаған ғұлама ғалымдардың бірі де бірегейі. Ол – қазақ публицистикасының теориясы мен практикасын және тарихын терең зерттеп-зерделеген һәм Қазақстанда журналистика саласы бойынша алғашқы докторлық диссертация қорғап, профессор атағына ие болған ғалым. Саналы ғұмырын қазақ журналистикасының дамуына арнаған зерделі зерттеуші «Газет жанрлары», «Журналист және өмір», «Қазақ совет баспасөзінің жанрлары», «Қазіргі қазақ публицистикасы», «Совет журналистикасының теориясы мен практикасы», «Публицистика – дәуір үні» атты құнды ғылыми еңбектер жазды.

Бұл оқулықтар мен монографиялар күні бүгінге дейін еліміз бен көршілес Қырғызстан мен Өзбекстан университеттерінде оқу құралы ретінде оқытылып келеді. Қазақтың көрнекті ғалымы Қайыржан Бекхожин 1979 жылдың 19 қаңтарында «Қазақ әдебиеті» газетінде жарияланған мақаласында әріптесі Тауман Амандосовтың ғылыми еңбектерін сол кездің өзінде өте жоғары бағалады. Біздің бұл сөзімізді филология ғылымдарының докторы, профессор Тұрсынбек Көкішевтің: «Оның көзі тірісінде-ақ қолдан қолға өтіп, тоз-тозы шыққан оқулықтар мен оқу құралдарын уақыт талабы, ұрпақ сұранысы, қоғам қажеттілігіне қарай қайта бастырып, кәдеге асыру да аса қажет іс» деген сөзі қолдап-қуаттай түседі. Осы орайда оның Үндістан сапары туралы «Гималайдың ар жағында», «Достық лебі» атты публицистикалық кітап жазғанын да айта кеткеніміз абзал.

Тауман Салықбайұлы 1921 жылы Атырау облысы Балықшы ауданына қарасты Кеңезек ауылында дүниеге есігін ашты. Ата-анасынан ерте айырылып, ағайындары мен нағашыларының қолында өседі. Ол кезде елдің тұрмыстық-әлеуметтік жағдайы өте нашар болатын. Сондықтан бұғанасы қатпаған жетім балаға мал бағуға тура келеді. Сондай күндердің бірінде ең далада ұйықтап қалып, аяғын жылан шағып алады. Дер кезінде ем-дом алмағандықтан ауруы асқынып, аяғынан айырылады. Сөйтіп жастайынан тағдыр тауқыметін тартып, мүгедек боп қалады. Кейін Гурьев пен Орал қалаларындағы жетім балалар үйінде оқып, тәрбиеленеді. Жетім бола жүріп жетіледі, ерте есейеді.

1942-1946 жылдары Атырау облыстық «Социалистік құрылыс», кейін «Коммунистік еңбек» деп аталған газетте тілші, хат бөлімінің



Ақын Кенен Әзірбаевпен студенттермен кездесуі. Суретте: жазушы С.Мұқанов пен Амандосов Т.С., 1958 жыл.

менгерушісі, 1948-1950 жылдары Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті жанындағы Партия тарихы институтында кіші ғылыми қызметкер боп еңбек етті. 1950 жылы Қазақтың мемлекеттік университетін үздік бітірген соң, осы оқу ордасына аға оқытушы боп қызметке алынды. 1952-1954 жылдары сырттай оқытатын бөлімнің проректоры, 1955 жылы деканның орынбасары, 1958-1965 жылдары филология факультетінің, ал 1966-1971 жылдары журналистика факультетінің деканы, 1969 жылы Телевизия және радио кафедрасын, 1976-1991 жылдары Журналистік шеберлік және әдеби редакциялау кафедрасын басқарып, басшылық тағайындаған қызметтерді абыроймен атқарды.

1955 жылы «Қазақ кеңес әдебиетіндегі халықтар достастығы идеясы» деген тақырыпта кандидаттық диссертациясын, 1982 жылы «Қазақ публицистикасының тарихы, өркендеуі және проблемалары» деген тақырыпта докторлық диссертациясын қорғады. Ғалымның ғылыми еңбектері қазақ журналистикасының теориясы мен тәжірибесі һәм тарихына, сондай-ақ баспасөз жанрлары мен бұқаралық ақпарат құралдарының жүйесіне арналған.

Ұлы ұстаздың: «Журналист – қасиетті қалам иесі. Халықтың көзі. Оған елінің мұнын мұндап, жоғын жоқтайтын, әділ сөзін айтып, ақ сөйлейтін, ойлы, талантты жастар ие болуы керек», сондай-ақ: «Адам оқып журналист болмайды, журналисттің ең басты оқулығы – өмір» деген қағидасы әлі де

ТҰЛҒА

маңызын жоя қойған жоқ. Сонымен қатар ол қоғамдық жұмыстарға да белсене араласты. Өзі қызмет еткен университеттің үлкен ғылыми кеңесіне бірнеше рет мүше болып сайланды. «Қазақ университеті» газетінің редакторы болды. КСРО Журналистер одағының II–III–IV съездеріне делегат болып қатысты. Қазақстан Журналистер одағының Алматы қалалық бөлімшесінің жетекшісі әрі Журналистер шеберлігі университетінің ректоры болып ерен еңбек етті. Тағы бір ерекше атап айтатын жәйт, Тауман Салықбайұлы орыс қаламгерлері А.Яковлев, А.Югов,



Мектептің жылдары



ҚазҰУ журналистика факультеті, 1947 жыл.



1965 жыл



Т.С. Амандосовтың жазған ғылыми журналистика саласында жазған тұңғыш оқулығы



Студенттері жылдар. Бірінші қатардан оңнан оңға қарай: Қармалбек Обалдас және Т.С. Амандосов, екінші қатарда: Қыниан Ахметов пен Беріс Құрманғалиев.



Жазушы Әуезов М.О. және ҚазҰУ филология факультетінің деканы Амандосов Т.С., 1959 жыл



Тауман Амандосов жұбайы Мамыр Омаровамен, 1955 жыл



Атырау қаласы. Т.Амандосов атындағы көше. Суретте ұлы Азамат пен немересі Әлкен



Амандосов Т.С. студенттеріне газет макетін құрастыру технологиясын түсіндіруде. 1971 жыл.

В.Ляпунов, Л.Кассиль, Н.Жданов, А.Софронов, А.Дорохов, Н.Кизанова, Н.Харджиев, И.Шамякиннің шығармаларын, сондай-ақ И.Богданов пен Б.Вяземскийдің «Журналист анықтамалығы» еңбегін қазақ тіліне аударды. Бұл туындыларды қазақ оқырмандары мен студенттер кезінде жылы қабылдады. Тауман Салықбайұлы – журналист, публицист, аудармашы, ғалым, қоғам қайраткері, филология ғылымдарының докторы, профессор. Қазақ КСР Жоғары мектебінің еңбек сіңірген қызметкері. Атырау облысының құрметті азаматы. Қазір Алматы қаласындағы өзі тұрған үйде мемориалдық тақта орнатылған. Өзі оқып, еңбек еткен Әл Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Тауман Амандосов атындағы

аудитория бар. Қазақстан Журналистер одағы ғалым атындағы сыйлық тағайындады. Атырау қаласындағы бір мектеп пен көше Тауман Амандосов есімімен аталады. 2012 жылы «Қазақ университеті» баспасынан «Өнегелі өмір» сериясымен «Тауман Амандосов» деп аталатын мерейтойлық жинақ жарық көрді. Мұның бәрі – ғалым есімі қазақ халқымен бірге мәңгі жасай беретінінің белгісі.

Ермахан ШАЙХЫҰЛЫ,
Қазақстан Жазушылар және
Журналистер одағының мүшесі,
Мәдениет саласының үздігі



www.jasqazaq.kz

АДЕБИЕТ

E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

лейді жүргізуші. «22-сі бір доптың сонынан қуады да жүреді». Бізді де жетістірмейді. «Жерге қадап қойған алты терек» деп бойымыздың ұзындығын, доп күтіп қобалжып тұрған кейпімізді суреттегені ғой. Мейлі, әр спорттың өзіне тән мінездемесі бар» деп сәл күлімсіреп, езуін жиды да, спорт жейдесін түріп тастап, алдына алған құндақтаулы сәбиінің аузына емшек ұшын салды. Қыздардың бұл көрініске көздері үйренген. Жаттығуда да баланы алып кеп, арасында аузына қылқылдатып емшек салып кететін.

«Немістердің беті жаман, — деді түсі бозарған Алтынай іштей сөйлеп. — Қарашы, қиғаштап кесіп түседі». Аланда жасқаншақтап тұрып қалған қыздарға қарады. Қазақтың қос қызы қалқан қойып, алақандарын жайған күйі тарам-тарам торға асылып тұрып қалды. Анау бойы екі метр неміс ұрғашысы келеке қылғандай қарсыластарына күле қарап, дәстүр бойынша серіктеріне қол созып, алақан түйістірді. Жалпы есеп 2:2. Сосын тағы жарты кезең ойнау керек, 15 ұпайға кім бұрын жетсе, сол алтын алады, жете алмасақ, күміс алып, Осакадан күміс қоржынды арқалап кері қайтамыз. Мынау алты ойыншының екеуі-ақ қазақ қызы, қалғандары түгел орыс ұлтының өкілдері. «Біз адам жалдамаймыз, ол қанымызда жоқ қасиет. Қарашы, анау неміс

осындай сиқыры бар. Әсел допты ойынға қосуға алаңның төменгі жағына қарай шеттеп барады. Секіріп тұрып қиғаштай жібергенде бір-біріне сенген неміс қыздар селт тұрып қалды да, доп жерге томп етіп, ала сызықтан асып, беталды домалап кетті. «Енді-енді... өлімнен қорықпайтын жабайылығымызды көрсетуіміз керек». Алтынай құндақтаулы сәбиін орындыққа тастай сап, шолақ үзіліске шыққан қыздарға қарай жүгіре жөнелді. Әрқайсысының басынан сипады, беттеріне үніліп «Айналайын!» деді. Бір-бірден қортқы бөтелке су берді.

Шындар! Мен көріп отырмын, немістер қатты шаршалы. Біз оларды соғыста жеңгенбіз, бейбіт ойында неге жеңбейміз?! Женіс біздікі! Солбыраймай ширақ қимылдандар. — Сол қанаттағы шабуылшы қыздың қайырылып қалған шылдыр шүмегін тез-тез ақ дәкемен орай бастады. Қыз

Волейболшы әйелдің ақ сүті

(Әңгіме)



командасындағы ортекедей орғып жүрген бойы 1-де 30 көмірдей кара қыз Бразилиядан келген. Адам жалдап женіске жету біздің қанымызда жоқ». Алтынай сәбиін сол емшегіне ауыстырды. Солқылдатып сорған сәби анасының кеудесін шым-шым рахатқа бөктіріп, ақ сүтті рахат сезіммен қомағайлана жұтып жатыр. «Осы біз немістерді соғыста жеңдік. Соғысты бастаған өздері. Менің атам да сол соғыста бір қолынан айырылып келген. Мен оның немересімін. Біз сап-сау қолымызбен бұларды неге жеңбеске?» Сәби ұйқыға бөкті. Қасындағы бос тұрған орындыққа жатқызды да, жағын таянып, алты қызға алыстан көзін сүзе қарады. «Қыздар шаршайын деді. Көбіне қорғаныста жүр, алақұйын шабуыл сиреп барады. Шабуыл керек, шабуыл. Енді үш ұпай алсақ, соңғы шайқасқа шығамыз. Үш ұпай! Алла! Өзін жар бола гөр!» Бұл да ауылда өскен қыздың немістерді жеңген атасынан естіген сөзі. Атасы: «Шабуылға шыққанда «Алла!» деп жүгіретінмін» дейді. — Бір Алланың арқасы шығар, бір қолды неміске беріп, қайтып келдім» деп айтып отыратын.

Оп-па!

Неміс қыздың ойынға қосқан добы торға ілініп қалды. Бізге енді екі ұпай керек. 23:21. Олардың да жүйкесі сыр бере бастады. Мынау теректей ұзын неміс қыз қазақтың өзіндей сұңғақ ұрғашысына қабағын тыржытып, тіпті сескене қарады. Әсел осы жердің өзінен кейінгі ұзыны. Бойда мін жоқ, тек «түіе бойына сеніп жылдан құр қалмаса» болғаны. Неміс қыз көзін шатынатып қарап тұр. «Тұтқынға түскен бір неміс әписері күнделігіне «өлімнен қорықпайтын жабайыларды көрдім» деп жазған екен. Олар, біздер, қазақ пен қырғыз, өзбек пен тәжік. Өлімнен кім қорықпасын, намыстан қорықпаймыз, ата-бабамыз намыс үшін жан берген» деген атасы айтқан сөз тағы да есіне түсті. Қырым еті жоқ сүліктей Әсел бір аттап барып тік секірді де, созылған екі қолдың ортасынан допты қиғаштап ұрмай кара жерге томп еткізіп тастай салды. Көрермен шу етті. Біз жақ разы, неміс жак наразы. Тағы бір ұпай алдық. Волейболдың ақылмен астасқан айласы, алақан мен саусақтың бірігіп көрсетер

Бүгінгі проза



Қуандық ТҮМЕНБАЙ, жазушы

Ақ сүт анадан шығады. Біздің кейіпкеріміз — волейболшы келіншек Алтынайдың жасы жиырма екіде, сырықтай ұзын, бойы 2 метр де 1 сантиметр. Мұндай биік ойыншы бұл командада біреу-ақ. Тек Еуропа командаларының бірінде ғана 2 метр 2 сантиметр бір қыз бар. Алтынай болса — шабуылшы. Сыр бойының «Сырдария» командасының он қанаттағы оқ атары. Осындай теректей бойымен шабуылда ойнамай қайда ойнайды? Қорғаныста бойлары 1-де 50-ден аспай қалған тәпелтек қыздар тұрады. Оларды өз тілдерінде «ергежейілер» дейді.

Алтынай еліміздің ұлттық құрамасында да ойнайды, ойнағанда тек жәй ойыншы емес, жорықты бастаушы капитан. Бүгін олар әлемдік Олимпиадалық додаға түсіп отыр. Олимпиадада жерлестеріміздің жолы болмай жатыр. Талай ақ пен кара нәсілдің тұмсығын бұзған жұлдырықтасушы жігіттер бұл жолы біртүрлі жүрексініп жүр, төрешілердің де басқаларға бүйрегі бұратын сияқты, біздің былғары қолғапшылар қанша төмпештесе де, басқалардың қолын көтереді. Зілтемірші қызымыз да ышқынып, бар ішкен-жегенін зілтемірдің астында сарп етіп, зілбатпан жүкті басынан асырса да, женіске саналмады. Кінәсі — апиын шөппен аузын былғаған деп сылтау айтты. Ешкім тексеріп, қорытындысын жария еткен жоқ. Сөйтіп, біздің елге алтын түгілі күміс те бұйырмай тұр, қолаға қоржынымызды толтырып, «Қола дәуіріне қайта өткен сияқтымыз» деп баспасөз сайқымазақ сөздің уын шашуда. Осы журналистердің тілі ашы, басқа түспегесін білмейді ғой. Зілтемірдің астында тұрып ышқынса, әйтпесе танауына пәленбай кіле жұлдырық тисе, тілдерін тістеп қалар еді. Бұлар жұлдырық тимей-ақ жұмыр сөзді дөңгелетеді кеп.

Жә, әңгіме Алтынай туралы. Волейбол — ұжымдық ойын. Бұл жолы әйелдер ерлеп тұр, еркектер олжалай алмаған олжаға ие боп, батыс пен шығыстың бас командаларын жеңіп, кеше жартылай финалда түріктермен кездесті. «Түркі тілдес, түгел бол!» деген қымбат сөз, бірақ спортта достық жоқ, түріктерді тізе бүктірді. Бір тәнті болатыны — түрік қыздары мәдениетті ойнайды. Үстеріне хиджаб жауып, бұттарына шәйі дамбал киіп ап секіргенде ешкімге еселерін жібермей, қалықтап кетеді. Құлағанда да әдеппен құлайды, орыстың қыздары сияқты аяқтарын алшақ тастап жатпайды. Алтынай ұлттық құраманың ақ байрақ бастаушысы, бірақ бұл жолы көрермен ретінде қатысып отыр. Екі жыл бұрын тұрмыс құрған, емізүлі баласы бар. Олимпиадаға қатысқан өз командасын көгілдір экраннан көріп отыруға дәті шыдамады. Баласын емізкке үйретіп, енесіне тастап кетуге де болар еді, бірақ торсиған қос емшектегі ақ сүтті қайтпекші? Біреулердің сауып тастайтынын көрген, ана сүтін қырлы стаканға ытқытып сауып ап қол жұғышқа сау еткізіп төге салады. «Бұл бізге тән нәрсе емес, бұл — харам тамақ ішіп, харам иіс иіскейтіндерге тән қасиет» деп тұла бойы шымырлап кетті. Сөйтіп, сәбиін алып жүруге бекінді. Команда бастығын көндіріп, сәбиін жөргекке орап ап жапон астанасы Токиоға тартып кетті. Өзі әпшүі бар, қынқылы аз сабырлы періште, емшекті аузына уақтылы салса, ұйқыны соғады кеп.

Мынау финалда кездесетін немістердің беті жаман. Қыздары теректей-теректей боп сорайып тұр. Бізде бойы ерекше ұзын екі-ақ қыз бар, қалғандары орта бойлы, ал анау орталық қорғаушы Тәттігүлдің бойы бір де қырық екі. Бірақ, темірдей-ау, темірдей, оқ өтпейтін бронды танкідей. Ұшқан допты түртіп жібергісі кеп тұрады, оның қолы тиген доп ешқайда кетпейді, ала сызықтың ішінде шабуылшының қол қырына ілігіп, кара жерге қиғаш кетіп жатады. Кезінде спорт мектептерін аралап, қыздардың ойынын көріп, тандап жүріп, біразын өзі қалап алған. Қазір құрбылары әзілдеп Тәттігүлді «бронды танкі» дейді.

Немістердің бәрі ұзын, тордын үстінен үніліп тұрып қиғаштап ұратынын қайтерсін. Олар бойларына сенеді. Волейбол бой мен күштің ойыны, арақідік айла да керек. Қарсы алаңға қақырайтып ұрмаса, доп оларға жаяу қонақ боп барады да, өзіне ұры қонақ боп қайтады. Баскетбол да ұзындардың ойыны, бірақ онда бір орында тұрмай тыртындап жүріп, шырмаудан шығып, дөңгелекті көздейсін. Бұларда оқша атылған допты қарсы алып, қарсы жаққа қайта атуын керек. Ал, футболшыларға рахат, кең далада шапқылап жүріп салса, бір гол салады, салмаса, ол да жоқ, бұлар секілді 25 ұпайға жеткіземіз деп жандарын шүберекке түймейді. Оларда ең жаманы — бір-бірін аяқтан тебеді, сорлылар футболды тастағасын таяқ сүйеніп қалады. Бұлардың ішіндегі тырнағын өсіріп, әспеттеп жүрген қыздардың саусақтары кейде шытынап кетеді. Ыстық жердің еркек тұғалы мығым ойыншы қыздары атылып келіп ұрған кезде қорғаныстағы допка тиген саусақ майысып, бүгіліп қалады. Алтынай күлімсіреді. Викторина ойынында «Ең ақымақ спортшылар кімдер?» деген сауалға зал «футболшылар» деп шу ете қалды. «Неге?»

қараса, атасының шолақ қолының делендеген жеңі көз алдына көлендей береді. «Сендердің аталарын ғой, менің атамды шолақ қып елге қайтарған» деген ішін буған бір ыза бар. Жерден көтеріле бере жұмыр допты құлаштай бір ұрғанда дауысы ап-анық естілді. «Алла!» Ұпай! Ұпай келді бізге! 10:7. Сол сәт көрермендер жактан бақырып жылаған сәбидің ашы даусы естілді. «Мынау да бір... Тұла бойы шым етті. Әсел не бітіріп отыр? Әсел!..» Сымдай тартылып, тағы бір ұрғанда доп қиғаштап барып, ала сызықтың жанына түсті. Төрешілер бас түйістіріп талқылап, компьютерден қайталап көруге кетті. Мүлт кетпепті, ала сызықтан пышақ елі бері түсіпті. Тағы бір ұпай! Шүметейі бардың шынғырған даусы Жер-Көкті бөріктіріп барады. Бір қазақтың даусы отыз мың адамдық дөңгелек стадионның апшысын қуырып тұр. Жандарын шүберекке түйіп, әрен отырған жанкүйерлер ашы дауысқа елең етіп әбіржи қарады.

Алтынайдың да көкірегі сыздап қоя берді. Ананың ақ сүті толықсыған анарын шымырлатып, тандайға тиіп, сәбидің меірін қандырсам деп тіленіп тұр. Оның үстіне «мына қазақтың баласы өзге жұрттың мазасын алды-ау» деген тым сыпайылық та састырып барады. Ол жаттықтырушыға қарап қолын көтерді. Жаттықтырушы төрешіден шолақ үзіліс сұралы. Қыздар ала сызықтан аттай бергенде Алтынай жүгіріп келіп, Әселдің құшағында бақырып, Жер-Көкті басына көтерген құндақтаулы баланы жұлып ап, спорт жейдесін көтеріп тастап, емшегін аузына салды. Сәбидің аузына тие берген емшеккабын да сол қолын артына бұрып, түртиген түймесін ағытып сыпырып ап, орындыққа салбыратып іле салды. Бүлк-бүлк сорған сәбимен бірге әйелдің де жаны жай тауып, көкірегін кең самал желпіп келе жатты. «Тез, тезірек сор, балакай, мені ел-жұртым күтіп отыр...» Төрешінің біразға созылған ашы ысқырығы естілді, бұл — шолақ үзілістің шолтан ете қалған белгісі.

Әсел, мә, ие бол... — тәбеті енді ғана ашылып, құмары қана қоймаған ер-азаматтың аузынан емшектің бүртік ұшын жұлып алды да, алаңға қарай ытқи жөнелді. Емшеккабына да қараған жоқ, ақ шүберек орындық арқалығында салбырап қала берді. Сәби қылқ етіп жұтынған күйі қыңқ деместен несібесіне бұйырған ана сүтіне тандайын қағып тамсанып жатыр.

Біздің бір қыз допты ойынға қосқанмен торға ілініп қалды. «Дәл ортада бір шайтан тұр, соның ығына жығылмау керек». Есеп — 12:8. Енді бір сәт неміс қыздың қиялай ұрған добын орталық «бронды танкі» — кара қазақ қызы қайтарып үлгерді. Енді 3 ұпай, 3-ақ ұпай болса, біз олардың Рейхстагына ту тігеміз».

Қыздар, «ер кезегі үшке дейін».

Кочеткова, Валя, сендер демалындаршы, — деп сол қанаттағы шабуылшы мен жартылай қорғаушыны төрешіге қол көтеріп ауыстырды. Ол екеуі қанды шайқастан қалыс қалғандарына іштей наз айтса да, ортақ көрермен боп отырып жандары тыншыды.

Немістер допты ойынға қосты. «О, тоба, бізге болысқанын ба, доп торға ілініп қалды. Келесі допты сол жақтағы шабуылшы Шишкова оң жақта сүтін сауып беріп кеп жарау аттай жер тарпып тұрған Алтынайға бергенде «Алла!» деген сөз аузынан шығып кетті. Атасының шабуылға шығарда айтқан сөзін немересі аспанға атыларда қайталап тұр. Қарап тұрсаң, бұл да соғыс, ұрғашы денелер сымдай тартылып секіріп, өзін-өзі аспанға атып жатқандай. Екі елдің мәдени соғысы, намыс пен шеберлік соғысы. Құдай ұзын ғып жаратып, 2 метр 1 сантиметр бой берген қазақ қызының ордан секіргендей секіріп ұрған добы ойын алаңындағы қорғаныссыз қалған бөлікке түсті де, ала доп ала сызықтан ытқып шығып, беталды домалап бара жатты. Есеп 14:9. Енді бір доп жерге түссе, женіс біздікі. Бірақ, сол тұста сұқтана қараған мың сан жанардан көзенді ме, әлде бұлшық еттің білеуі әлсіреді ме, біздің қыз берген доп тарам-тарам тордан өтпей қалды. Олардың ұпайы 10 болды. Біздің қыздар терісі кең көшпенді елге тән пейілін байқайты қалды. Төрт ұпай алдамз ғой деп, далайған даладай көңілдерін тоқ санап жүр. Неміс қыздар тенселіп, терлей бастады, беттерін әлсін-әлсін алақандарымен сипап қояды. Олар допты ойынға қосты. «О, тоба! Аққа Құдай жақ, — тағы да атасының даусы құлағына естіліп, салбыраған шолақ жеңі келді көз алдына. — Соғысты бастаған өздері ғой, біз жеңдік». «Біз де жеңдік олардың ұрпақтарың». Неміс қыз ойынға қосқан доп өз жағынан өтпей қалды. Тарам-тарам торды бір бүлк еткізді де, томп етіп жерге түсті, сол мезет сол қанатта өзімен бетпе-бет тұрған неміс қызы секеңдеген дөңгелек допты керіле бір тепкенде ызалы аяқ тиген ала доп жанын шүберекке түйген жанкүйерлерге қарай әуелей ұшты. Спорттың көз қайшылығы бар — волейболда аяқ, футболда қол допка тисе айып доп белгіленеді. Бұл — тартыс біткеннен кейінгі әрекет, ызалы көңілдің ызыбары ғой. «Біз тағы да жеңдік! Біз алтын алдық!» деді Алтынайдың іші айқай сап.

Екі команда қатар тізіліп, бір-біріне қарсы жүріп, достық рәуіште алақан түйістіріп өткенде немістің ең ұзын солақай қызы Алтынайдың бетіне қарап «Ich Werde dich nie Vergessen» деді. Алтынай аудармашы жалдап білгенде, бұл «Мен сені ұмытпаймын» деген сөз екен. Алақан түйістіріп болып, алаңнан шыға бергенде көзділдіргі мұрын ұшына түсіп, өздеріне қарай обектей жүгірген команда бастығы Алтынайды бетінен бір өпкенде жанкүйерлер жактан шар еткен сәби дауыс естілді. Әйелдің көкірегі сыздап қоя берді. Бәрің тастай сап омырауын алақанымен уыстап, солай қарай тұра жүгірді. Жылан жалағандай трибунада қараң-қуран етіп жанкүйерлер жүр. Бір орындықта топ-томпақ боп дөңгеленіп, төмен салбырап, ақ сүт жұққан емшекқап қалып қойыпты.



Биыл Қазақ
әдебиетінде
еңгіме
жанрының хас
шебері атанған

Сайын Мұратбековтің туғанына 85 жыл толды. Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, алдаспан жазушының мол мұрасы әдебиет сүйер қауымның рухани қазынасына айналған. Оқырмандар арасында «Жұсан исі», «Жабайы алма», «Басында Үшқараның», «Менің қарындасым», «Көментоғай» сынды шығармалар кеңінен танымал, көп оқылған туындылар.



Оқырманы болса, жазушының аты өшпейді



Ауыл тіршілігін көркем сөзбен суреттеп, ауыл өмірін көз алдына айналдыратын шеберлігі жазушыны оқырманымен жақындата түссе керек. Тірі болғанда сексен жастың бел ортасына келген мерейін оқушы қауымының ортасында, елінің алаңында жүріп атап өтер еді.

«Орнында бар — оналар» деп, көркем шығармалары арқылы халқының ықылас-пейіліне бөленген жазушының мерейі тойы атаусыз қалған жоқ. Кіндік қаны тамған Жетісу өлкесінде Сайын Мұратбековтің 85 жылдығына орай түрлі әдеби, рухани іс-шаралар өтті. Мәселен, С.Сейфуллин атындағы Алматы облыстық әмбебап кітапханасы Көксу ауданының әкімдігімен бірлесіп, проза жанры бойынша байқау ұйымдастырды. Одан сырт, облыстық кітапхана басшылығы жазушының бауырлары — Ғалым Мұратбеков пен Майра Мұратбековамен кездесу ұйымдастырды. Міне, сол рухани кеш пен кездесудің жұлдісі үзілмей, Алматы шаһарында жалғасын тапты.

Ұлттық кітапханада өткен кешті жазушы, журналист Жүсіпбек Қорғасбек жүргізді. «Жалпы биылғы жылы әдебиетіміз бен мәдениетіміз, руханиятымыз үшін мерейі той көп. Жыр алыбы Жамбыл Жабаетовтың 175 жылдығы кең көлемде аталып

келеді. Мұқағали Макатаевтың 90 жылдығын да ел болып тойлады. Сайын Мұратбековтің 85 жылдығы кейде осындай тойлардың тасасында қалып қойғанда сезіледі. Дегенмен де кара орман оқырманы, жас әдебиеттанушылар, жазушылар әлеуметтік желілерде «сайын даланың Сайыны» атанып, оқырманының ықыласына кенелген жазушының шығармаларын талдады, қызу тартыспен оқыды. Соған қарап, халқы барда жазушының аты өшпейді деуге болады. Ол кезеңде әдебиет шығармаларға бай болғанымен, әдеби сын, талдау өзінің биігінде болған жоқ. Қазір, керісінше, әдеби талдау күш алып, сүбелі шығармалар жазу жайы кем соғып тұр. Кезінде Сайын Мұратбековтің шығармашылық әлеуетін талдаған сыншылар «оның тақырыптық аясы тарылып қалды, ауыл тіршілігінің айналасынан шыға алмайды» деген де сын айтқан. Сонда Мұхаметжан Қаратаев ағамыз ара түсіп, Сайынның ауыл тақырыбын

талдап, ашып көрсетудегі шеберлігіне жоғары баға берген. Расында да, Сайын ағаны басқа таптаурын тақырыптарға салып мәжбүрлеп жаздырғанда мүмкін оның тамаша туындылары жазылмас па еді», — дейді Ж.Қорғасбек.

Рухани кеште Смағұл Елубай, Нұрдаулет Ақыш сынды жазушылар да сөз алып, Сайын Мұратбековтің тұлғалық портретін, ағалық келбетін ашатын әсерлі естеліктерін айтты.

Жазушы Смағұл Елубай: «Мен 1966 жылы студент кезімде жазған әңгімемді Жазушылар одағына апарып, Сайын Мұратбеков ағаммен таныстым. Есім-сойын сырттай білгенімізбен, өзімен алғаш кездесуім осы еді. Жасың деп жатырқаған жоқ, керісінше, ағалық камқорлығын танытып бауырына тартты. Біз осылай рухани аға-іні ретінде жақсы араластық. Әрбір туындыма ерекше ілтипатпен ықыласын білдіріп, пікірін айтып жүретін», — деді. Жазушы Нұрдаулет Ақыш Мұратбеков шығармасымен мектеп қабырғасында оқып жүргенде



танысқанын айтты. Тіпті Сайын шығармасындағы кейіпкерге еліктеп өскенін де тілге иек етті.

Рухани кешті «Құлансаз» фольклорлы-этнографиялық ансамблі сазбен әсемдеді.

Қуан НҰРДАН,
Суреттерді түсірген
Мақсат ҚҰСАЙЫНОВ,
Алматы қаласы



Сәкен ЖАҚСЫБАЕВ,
Дизайнер:

«Біздің шоу бизнесте жүрген өнер адамдары ренжи қоймас, олар той бизнесте қатып қалды. Бір орында қалып қойды десем де болады. Бізде Димаш Құдайбергнен басқа ғаламдық талант жоқ. Оның өзі Қазақстанда емес шетелдерде өнер көрсетіп жүр».

Дереккөзі: almaty.tv



Еңбегі елдің есінде



Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданына қарайтын Нұра ауылының іргетасын қалаған жандардың бірі – Сағыныш Есбергенов. Өнегелі ғұмыр көшкен Есбергеновтің ұлының есімін ауылдастары ықыласпен еске алып, құрмет, ізетін аяған емес. Халыққа қызмет өтуде төккен тердің қайырымы осы болса керек.

Алматы облысының құрметті азаматы, «Сөгеті» деген совхозды тақыр жерден тұрғызып, отыз жылға жуық басқарып, алдыңғы қатарлы ауылдардың санатына қосқан Сағыныш Есбергеновтің осы ауылда ескерткіші де бар.

Елең-алаң шақтарда етігімен су кеше жүріп, ат үстінде азаматтық істерді атқарған Сағыныш Есбергеновтің атында қазақ күресінен дәстүрлі турнир өтеді. Жылдан-жылға жалғасын тауып, сабақтастық жүлгесі үзілмеген жарыс биыл да жалауын желбіретті. 2009-2012 жылы туған жасөспірім жеткіншектер арасындағы күрес бәйгесі облыстық ашық турнир деп жарияланғандықтан да қатысушы балуандардың қатары көп болды. Сонау Семейден Сөгеті сілеміне топқа түсіп, күреске кіру үшін жас спортшылар келді. Талдықорған, Қызылорда, Түркістан қаласынан сырт, Алматы облысының әр ауданынан жиналған жеткіншектер бәсеке көрігін қыздырды.

«Кайбір жылы Алматыдан ауылға келе жатып, жолай көлік тоқтатып қол көтерген жас баланы ала кеттім. Көрші ауылға бара жатыр екен. «Өзіңіз қайда барасыз?» деді маған. «Нұра деген ауылда туғам, сол ауылыма барамын» дедім. «Ой, аға, мен екі жыл бұрын сол ауылда Сағыныш Есбергенов атындағы қазақ күресінен өткен турнирде чемпион болғам, сіз ол кісіні көріп пе едіңіз? Турнир жоғары деңгейде ұйымдастырылады» деді аңқылдап. Межелі жерге жеткенде: «Шырағым, сол сен айтқан Сағыныш деген кісінің баласымын, турнирді біз ұйымдастырып жүрміз», — дедім разы болып. Қандай сәйкестік десенші. Бұл

турнирге қатысқан қаншама бала спортта үлкен жетістікке жетіп келеді. Осындай ауылдық жерде өтетін жарыстар талантты балаларды табуға, тануға орай туғызады. Биыл осы турнирдің жоғары деңгейде өтуіне мұрындық болып, Шелек ауылындағы №2 балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің директоры, іскер бауырым, кикбоксингтен әлем кубогының жеңімпазы, Еуразия чемпионы Елмұрат Кайыпжанов бастаған жігіттер атсалысып ұйымдастырды. Бұдан сырт, қолдау көрсетіп, демеу болған ағайын-туысқа алғысымызды айтамыз», — деді Ұлан Есбергенов.

Тартысқа толы турнирде жеңіске жеткен, жүлдегер атанған балуандарға бағалы сыйлық пен диплом тарту етілді.

Ұлан Сағынышұлы бастаған кайраткердің ұрпақтары Нұра ауылының көнекөз қарияларына көптің алдында құрмет көрсетіп, иықтарына оқалы шапан жауып, сый-сияпатын жасады. Қазақ күресі қайткенде жалпыхалықтық сипатқа ие болады? Әрине, әр жас ерекшелігіне орай



осындай турнирлер көптеп ұйымдастырылып, насихат, ағарту жұмыстары қарқын алғанда ғана жанданады. Көңіл тоғатыны, соңғы жылдары қазақтың төл өнері, ұлттық спорты күреске деген жастардың қызығушылығы аршындап артып келеді. Дәстүрлі турнир келер жылы да жалғасын табады.

Қуаныш КӨШЕК,
Суретті түсірген
Сержан ЖИРЕНБАЕВ,
Нұра ауылы
Еңбекшіқазақ ауданы
Алматы облысы



Тиін екеш тиін де қыс азығын қамдайды



«АНОДОЛУ» агенттігі

Газетіміздің қызметкері Макпал Ноғайбаеваға үлкен анасы

Қадиша Елшібаеваның

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтамыз.

Жас қазақ газетінің ұжымы

Бас редактор — директор
Срайыл Махатұлы СМАЙЫЛ

Редакция алқасы:

Қуаныш НҰРДАНБЕКҰЛЫ жауапты хатшы

Ғалия ҚАЛИЕВА
компьютер орталығының жетекшісі

Тілшілер мен қызметкерлер:

Гүлнар АХМЕТОВА — экономика, нарық

Макпал НОҒАЙБАЕВА — арнаулы тілші

Ернұр КЕНЖЕБАЙ — шолушы

Кәмшат ТӨЛЕШОВА — терімші

Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ — web-caim

Аймақтағы меншікті тілшілер:

Мерген ТОКСАНБАЙ —
Ақмола және Солтүстік Қазақстан
облыстары (8 701 312 39 34)

Қажет АНДАС — Алматы облысы
(8 747 706 13 82)

Нұргүл НАСЫР — Атырау облысы
(8 702 959 80 08)

Мөлдір КЕНЖЕБАЙ —
Шымкент қаласы (8 700 280 63 20)

Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан облысы
(8 705 150 48 30)

Кезекші редактор
Макпал НОҒАЙБАЕВА

Меншік иесі:

«Аманат Медиа» ЖШС

Директордың
орынбасары
Мейрамбек
ҚҰЛМҰХАМЕДОВ

Бас есепші
Расима
ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы:

050012, Алматы қаласы, Мәуленов, 85 үй, №61 кеңсе, 3-қабат
(*Бөгенбай батыр көшесінің қиылысы*)
Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25
Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі)

Газет «Дәуір» ЖШС РПІК
(Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй)
тел: (727) 273-12-04, 273-12-54
Тапсырыс — №2287;
Бағасы келісім бойынша

Апталық таралым — 5000 дана

*Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады,
сондай-ақ «AitAstan» әуежайының ұшақтарында бар.*

Газет 2004 жылы 14 желтоқсанда тіркелген.

2021 жылдың 03 маусымында ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі
Ақпарат комитетінде қайта есепке тұрып, № KZ68VPY00036247 куәлігін алды.

Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.